	зын-зын- ұзын *қа-қа-қысқа* ***Сергіту сәті*** *Шаршамаймыз ешқашан* *Демаламыз бой жазып.* *Жүгіреміз, секіреміз* *Көңілденіп, ән салып.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Көшедегі әр-түрлі көліктер »* ***Қорытынды.*** *Балаларға жұлдызша беру арқылы мадақтау.* **1. Музыка** ***Педагог жоспары бойынша*** ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы:*** *Тепе – теңдік.* ***Мақсаты:*** *Жүгіру барысында тоқтап, бағытты өзгертіп ары қарай жүгіруде тепе – теңдікті сақтауға үйрету.* ***ҰОҚ өтілу барысы:*** *1.Амандасу.* *2.Кіріспе* *Тәрбиешінің артынан жүру,жүгіру.* *Шеңберге тұру.* ***3.Жалпы даму жаттығулары*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. Шеңбер бойымен екі жаққа шұғыл бұрылып жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру.1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/1саптан 4 лекке (колонна) тұру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***1.*** *Аяқтары ықық мөлшерінде.*	*не үшін мәдениет үйіне келеді?* ***2 аялдама" Орталық саябақ"*** *-Балалар саябақ ауданы не үшін керек?* *-Бұл жерде не көрсетеді,не болады?* ***3 аялдама"Өрт сөндіру бөлімі"****Балалар, бұл ғимарат не үшін қажет?* *-Мында кім жұмыс істейді ?* *-Өрт сөндірушілер не істейді?* ***Сергіту сәті*** *Жаттығулар жасаймыз,* *Жақсы сергіп қаламыз.* *Біздер тату баламыз,* *Отанды біз сүйеміз* ***5 аялдама"Емхана"*** *Міне біздің келесі аялда мамыз"Емхана"* *Бұл ғимарата не істейді?* *Мынау тұрған көлік,қандай көлік?* *Ол не үшін керек?-* *Қане,бізде,кішкене уақытқа, дәрігер бола тұрайық.Өзімізге массаж жасайық.* *"**Нүктелі массаж"*** *Тамақ ауырмау үшін,біз оны сипаймыз* *Жөтелмеу үшін,мұрынды уқалаймыз* *Маңдайын да уқалаймыз* *Құлағынды уқалаймыз*	*цифрмен таныстыңдар.* *Балалардың жауаптары.* *-Мына сандар ішінен 1 санын бояңдар.* *Қоян мен тасбақа:* ***«Пальмаға кім бірінші жетеді?» ойын.***  *– Сендер қалай ойлайсыңдар, не бірінші жетуі мүмкін?* *–Неге қоян бірінші жетеді деп ойлайсыңдар?* *«Жылдам – баяу» сөздеріне түсінік беру.* ***3-топқа тапсырма беру.*** *1 санын әртүрлі тәсілмен жазу* ***1 топ:*** *Сіріңкемен 1 санын жазу* ***2 топ:*** *Таяқшамен 1 санын жазу* ***3 топ:*** *Ермексаздан 1 санын жазу* ***Сергіту сәті.*** *Қане балалар, тұрамыз, (мәтінге сәйкес іс-әрекеттер жасау)* *Бойымызды жазамыз.* *Балықтарға ұқсап біз,* *Жүзіп-жүзіп аламыз.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Пішіндерді ажырату»* *Геометриялық пішіндерді сипаттау, салыстыру* *Ойын шарты: Екі бала шығып үшбұрыш пішінді, басқада пішіндердің ішінен табу керек.*	*қараңдаршы, мынау ненің суреті?* *-Егер телефонның суреті салынған белгі тұрса ол нені білдіреді?* *-Мынау медициналық көмек пунктінің белгісі.* *Автобусттың суреті салынған белгіні көрсеңдер, ол «автобус тоқтайтын аялдама бар» дегенді білдіреді екен.Балаларға жол белгілері, жол қиылысы, көлік жолы, жаяу жүргіншілер жолы туралы ақпарат беру* ***4. Бағдаршам ойыны: Ойын: «Сақ бол!»*** *Қызыл көзін жағады. (қозғалмай тұру)* *Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)* *Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).* *Балалар ойынды қызыға ойнады.* ***5. Сұрақ- жауап алу.*** *Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?* *-Келе жатқан көліктің алдынан өтуге бола ма?* *Балалардың жауаптары.* ***6.Сергіту сәті.*** *Мәшине жүргізу.* ***7. Балаларды пішіндер арқылы екі орталыққа бөлеу*** *1- орталықтағы балаларға өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.* *2- орталықтағы балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет*	*белсенді түрде қатысып отырады.* ***Ой қозғау.*** *Балалар, үйлерді кімдер салады?* *Ой дамыту.* *Балалар сендер бүгін құрлысшы болып әдемі үйлер тұрғызасыңдар.* ***Топқа бөлу.*** *Балаларды екі топқа бөліп отырғырғызу.* *1-топ көп қабатты үйлер* *2- топ бір қабатты үйлер бойынша жұмыс жасайды.* ***Үлгі көрсету,түсіндіру.*** *көп қабатты және бір қабатты үйдің жасалу жолы көрсету.* *.Үлкен тіктөрбұрышты қиямыз(үйдың қабырғасы).* *2. Үшбұрышты қиямыз(үйдың шатыры).* *3. Шаршыларды қиямыз(үйдың терезесі).* *Жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөлу.* *Қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескерту.* ***Сергіту сәті.*** *Қолға, алып шарды,* *Үрлеймін мен былай.* *Уф-ф-ф,* *Үрлеймін деп қатты,* *Жарып алдым шарды.* *Пах.*

	Денені тік ұстау. Лента төменде. Басты оңға бұрып, иекті иыққа түсіру және иекпен доға жасап басты ақырын көтеру және төмен түсіріп - көтеру. /4-рет қайталау./ ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны – жоғарыға, сол жақтағыны – төменге сермеп отырып ауыстыру. /5р/* ***3.*** *Аяқтары иық мөлшерінде, ленталар жанда, тік тұрып, аяқты иық деңгейінен сәл алшақ ұстайды, алақанның сырт жағымен белден ұстап, денемен жартылай шеңбер жасайды.5р* ***4.****Төрт тағандап тұрып, қолды, аяқты бүгу және жазу керек.6 р* ***5.*** *Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.* ***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1.1.5 м қашық допты бір-біріне домалату,аяқ алшақ етіп отыру* *2.Заттарды атап жүру (биіктігі 10-15см).* ***Қимылды ойын.*** *«Тауық бақшада»* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейлерінде қою; қолдарын жоғары көтеріп тартылу, демін ішке жұту, рет - ретімен қолдарын, иықтың тұсын, иығын, басы, денесін төмен түсіру, демін сыртқа*	*Білеміз біз бәріміз* *Біз ауырудан қорқпаймыз* ***6 аялдама «Айгөлек” балабақшасы*** *-Балалар, міне біз өзіміздің сүйікті балабақшамызға да келіп жеттік* *-Сендер балабақшаны жақсы көресіңдер ме?* *-Балабақшада не істейсіңдер?* *-Қандай қызық нәрселер болады бұнда?* *-Балалар, міне біздің Бадамша ауылына саяхатымыз аяқталды* *-Сендерге саяхатымыз ұнады ма?* ***Қорытынды****Сұрақтар ілмегі арқылы қорытынды жасау.* *Бүгін біз қайда болдық?* *Экскурсияға немен бардық?* ***2.Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *Менің көшем (Сюжетті сурет салу)* ***Мақсаты:*** *Сюжеттік сурет салуды (ағаштар мен бұталарды) және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Ұйымдастыру:*** ***Шаттық шеңбер.****Біз қандаймыз,қандаймыз.*	 ***Қорытынды.*** *- Біз қандай санмен таныстық?* *- Кім өз денесімен 1 санын көрсете алады?* *- Балалар Буратино сендерге өте разы болып рахмет айтып жатыр.* *Мадақтау* ***2. Құрастыру*** ***Тақырыбы:****Біздің көше* ***Мақсаты:*** *Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңнен орналастыруды үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Ұйымдастыру.* *Балалармен амандасу* ***Шаттық шеңбер.*** ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Жұмбақ жасыру* *Ұзын – ұзын жіп,* *Ұшына шыққан жан бар ма.* *Ұшына шықпас* *жалғанда. (Жол).* *Күзде киімін тастайды,* *Көктемде киіне* *бастайды. (Ағаш). Арқасында ауыл жүр,* *Ала тайым шауып жүр.* *(Автобус).* *Жұмбақтың мағынасын түсіндіру.*	*қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.* *Балаларға тапсырманы түсіндіреді.* *Балаларды мадақтау.* ***8.Қорытынды*** *Бес саусақ әдісі арқылы сабақты қортындылау.* ***3. Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы:*** *Допты оң және сол қолмен еденге ұру.* ***Мақсаты:*** *Допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып қос қолмен қағып алу, еденге қос қолмен кезектестіріп ұру дағдыларын қалыптастыру.* ***ҰОҚ өтілу барысы:*** *1.Амандасу.* *2.Кіріспе* *Тәрбиешінің артынан жүру,жүгіру.* *Шеңберге тұру.* ***3.Жалпы даму жаттығулары*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру.* *Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жүгіру.* *Қол жанда, өкшемен жүру.* *Шеңбер бойы ауыстырмалы қадаммен жүру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***1.*** *Аяқты алшақ қоямыз, Буратинаға әдемі мұрын жасаймыз. Буратино мұрнымен «күн» салады. /5 рет қайталау/* ***2.*** *Аяқты алшақ қоямыз,*	*Балалардың жұмыстарын қорытындылау.* *2 топ екі көшенің үйлерін салыстырады,әрқайсысы өз ойларын айтады.* *Балаларды мадақтау.* ***Еркін ойын****«Менің көшем» (Воскобовичтің дамытушы ойындары)*

	шығарады. ***Бастапқы қалыпқа келу.***	*Шұғылалы таңдаймыз.* *Күлімдеген күндейміз,* *Ренжуді білмейміз.* ***Ой қозғау.*** *Біздің ауылымыз (қаламыз) қалай аталады?* *Өздерің тұратын көшені атаңдар?* *Біздің балабақшамыз қай көшеде орналасқан ?* *Балалардың жауаптарын тыңдау* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Тосын сәт.Білмеспек келеді.* *Балалардан көмек сұрайды. Көшенің суретін салып беруді.* *Балалар көмектесуге дайын екенің айтады.* ***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету.түсіндіру.*** *Балалар сурет салуға кіріседі.* *Бақылау* *Жеке көмек.* ***Саусақ жаттығуы*** *Бір саусағым тіпті де,* *Ұстай алмас жіпті де.* *Екі саусақ бірікті,* *Ине қолға ілікті.* *Үш саусағым орайды,* *Жүгіртеді қаламды.* *Өнерлі екен он саусақ,* *Қала салсақ, жол салсақ.* *Балалардың*	***Ой қозғау.*** *Көшеде тағы не кездеседі?* *Балалардың жауаптары* *Дұрыс біз бәрін көшеде көреміз.* *Көшедегі биік үйлерді кімдер салады?* *Құрылысшы кім?* *Балаларды мадақтау.* ***Ойын:*** *«Құрлысшылармыз»* *Бүгін, сендер, құрылысшы болып, өз қаламызға,аулымызға жаңа көше тұрғызасыңдар. Оны қалай атасақ екен?* *Балалардың жауаптарын тыңдау.* *Балалар, көшенің қай жерде салынатыны туралы, әңгімелесу.* ***Топқа бөлу.*** ***Сандар арқылы топқа бөліну (1,2 сан)*** *Балалар, көше салуға кіріседі.* *Балалардың жұмысын бақылау.* ***Сергіту сәті.*** *Ал, балалар тұрайық,* *Алақанды ұрайық.* *Оңға қарай иіліп,* *Солға қарай иіліп.* *Бір отырып, бір тұрып,* *Бір тыныгып алайық.* *Жасалған жұмысты талдау қорытындылау.* *Галерея шарлау әдісі* *Екі топ бір-бірін бағалайды.* ***Бала үні:****Балалар мен ақылдаса отырып, көшенің атын қою.* *Балаларды мадақтау.*	*жұдырықты түйіп, қолды жанға қою. Оң және сол иықты кезек жоғары көтеру. / 5 рет қайталау/* ***3.*** *Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6-рет)* ***4.*** *Орнында тұрып, қол белде, аяқты алдыға кезек серпіп секіру.* ***5.*** *Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсатып, орнында секіру. /10-15секунд/* ***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** ***1.*** *Допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып қос қолмен қағып алу* ***2.****Заттар арасынан «жыланша» еңбектеу.* ***Қимылды ойын****:Кегілиді соқ.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-ых, пы-ых ,пы-ых» деп айту.* *Бастапқы қалыпқа келу.*	

		жұмыстарын қорытындылап,бағалау. ***Көрме ұйымдастыру.*** *Білмеспек қуанып,рахмет айтып қоштасады.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.* ***2. Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы:*** *Жүгіру (ирелеңдеп, кедергілер арасымен). Секіру (бір орында тұрып, алға қарай).* ***Мақсаты****: Бір қатармен, шашырап, әр түрлі қарқынмен жүгіру. Бір орында тұрып, алға қарай секіру дағдыларын меңгерту.* ***ҰОҚ өтілу барысы:*** *1.Амандасу.* *2.Кіріспе* *Тәрбиешінің артынан жүру,жүгіру.* *Шеңберге тұру.* ***3.Жалпы даму жаттығулары*** *Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. Шеңбер бойымен екі жаққа шұғыл бұрылып жүру. 1 сапқа тұру. сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/1саптан 4 лекке (колонна) тұру.*			

		Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. *1. Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстау. Лента төменде. Басты оңға бұрып, иекті иыққа түсіру және иекпен доға жасап басты ақырын көтеру және төмен түсіріп - көтеру. /4-рет /* *2. Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны – жоғары-ға, сол жақтағыны – төменге сермеп отырып ауыстыру. /5р/* *3. Аяқтары иық мөлшерінде, ленталар жанда, тік тұрып, аяқты иық деңгейінен сәл алшақ ұстайды, алақанның сырт жағымен белден ұстап, денемен жартылай шеңбер жасайды.5р* *4. Төрт тағандап тұрып, қолды, аяқты бүгу және жазу керек.6 р* *5. Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; 8-рет маршпен жүру, 10-рет секіру.* *4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1. Бір орында тұрып, алға қарай секіру* *2.1,5 м қашық допты*			

		қақпаға домалату. ***Қимылды ойын.****«Торғайлар»* *Тыныс алу жаттығулары:*			
Серуенге дайындық 10.00-10.20	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен: 10.20-12.10	***Картотека №16*** *Картотека қосымша тіркелген*	***Картотека № 17*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №18*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №19*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека №120*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Серуеннен оралу 12.10-12.30	*Ойын- жаттығу: Мөлдір су* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас 12.30-13.00					
Ұйқы 13.00-15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.10-15.40	***№14*** *Картотека қосымша тігілген*	***№15*** *Картотека қосымша тігілген*	***№1 6*** *Картотека қосымша тігілген*	***№17*** *Картотека қосымша тігілген*	***№18*** *Картотека қосымша тігілген*
Бесін ас 15.40-16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	*Ойын «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу,*	*Сюжетті-рөлдік ойындар: «Жүргізуші»* *Мақсаты: Балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, қиялын дамыту.*	*Дид. ойын «Жұмбақты шешейік»* *Мақсаты: Жұмбақты жасырабілу білім дерін дамыту.*	*Әңгімелесу «МАИ қызметкерінің-мамандығы»* *Мақсаты: Автоинспектор жұмысының білімін анықтау.*	*Қозғалыс ойыны* *«Ине, жіп» Мақсаты: Бағытты ауыстыра отыр ып жүгіруге үйрету.*

16.00-16.30					
Серуенге дайындық 16.30-16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен 17.10-17.50	*Серуен №18 Картотека қосымша тіркелген.*	*Серуен № 19 Картотека қосымша тіркелген*	*Серуен №20 Картотека қосымша тіркелген.*	*Серуен №21 Картотека қосымша тіркелген.*	*Серуен №20 Картотека қосымша тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы 16.50-18.30	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.*	*.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу*	*Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*

ЦИКЛОГРАММА

III апта (Қазан айы, 2021ж.)

Ересек «Балауса» тобы

18.10.-22.10.2021ж

Өтпелі тақырып: « Менің отбасым»

Тақырыпша: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.10.2021	Сейсенбі 19.10.2021	Сәрсенбі 20.10.2021	Бейсенбі 21.10.2021	Жұма 22.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу -8.00	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. **Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)-8.25	«Ғажайып қалта»ойын-жаттығу Тақырыбы:Мақсаты: ойыншықтардың атын атай білуге үйрету, ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту.	Дид ойын «Қай кезде болады?» Мақсаты: Табиғаттағы күз белгілерін анықтай білу білімдерін бекіту.	Саусақ жаттығуы. «Қуыр-қуыр, қуырмаш» саусақ ойыны:Мақсаты: саусақ қимылын жетілдіру, үлкендерден кейін қайталап айтуға үйрету.	Ойын «Ұқсас ойынщықтар» Мақсаты: Ұқсас заттарды таба білуге үйрету.	Ойын: «Кім санай біледі?» Мақсаты: Сандық сандарды уйретуді жалғастыру. Санауға деген қызығушылықтарын арттыру.
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	**Таңертеңгі жаттығу кешені.** **Картотека № 6** Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Таңғы ас 8.30-9.00	Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру .				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.20	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау				

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.20-10.00	**1.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы**:«Әйгерім дастарханды әзірлеп жатыр» **Мақсаты:**Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету.Заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы** **Ұйымдастыру кезеңі.** **Шаттық шеңбері** Армысың, қайырымды Аспан ата! Армысың, шұғылалы Алтын күн! Армысың, мейірімді Жер ана! Армысың, сүйікті балабақша! Армысыздар, Армысыңдар, достарым! Сіздерді көрсем қуанам. Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? -Жыл мезгілдерін атап беріңіздерші. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күзде ауа-райы қандай болады? -Адамдар қалай киінеді? -Күзде не жауады? **Қызығушылықтарын ояту.** Тосын сәт: Әйгерім қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Әйгерім қуыршаққа достары келеді екен, соларға дастарқан әзірлегісі келеді.. Бірақ, ол ыдыстарды білмейді екен. Әйгерімге дастарқан әзірлеуге көмектесеміз бе? **АКТ технологиясы.**	**1.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:** «Бағдаршам» өлеңі. С.Дүкенбай. **Мақсаты:** Өлеңді түсініп, есте сақтауға жүйелілігін сақтауға үйрету. Сөйлеу тілін дамыту.Байқампаздыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы** Ұйымдастыру кезеңі **Шаттық шеңбері.** Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз! Күлімдеген күндейміз! Еш уайымды білмейміз. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі неше айдан тұрады? - Қазір қай ай? Балалардың жауаптары. **Ой қозғау.** Балалар сендер қалай ойлайсыңдар көшеде жүру тәртібін не басқарады? **Суретпен жұмыс.** Балалар қараңдаршы бағдаршамның неше көзі бар? Ал, түстері қандай? Қызыл, сары, жасыл түстер нені білдіреді? Ал, балалар сендер жиек жол деген не екенін білесіңдер ме? Ол не үшін қажет?	**1.Математика негіздері** **Тақырыбы.** 2 саны мен цифры. Қысқа – ұзын. **Мақсаты :**2 цифрымен таныстыру; 2 цифрын жазып үйрену «ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын қалыптастыру **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы** **Ұйымдастыру кезеңі.** **Шаттық шеңбері** Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Баршаңызды құрметтеп Бас иеміз біз. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде неше ай бар? - Күз айларын атап айтайықшы? **Өткен оқу қызметін балалардың естеріне түсіру** - Балалар, біз өткен оқу қызметінде қандай санмен таныстық? (Бір). - Маған столдың үстінен сол бір санының цифрын кім тауып көрсетеді? **Тақтамен жұмыс.** Балалар, бүгін біз бір санының көршісімен танысамыз, одан бұрын мына суретке көңіл бөлейік. - Тақтада қанша алма бар? (Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосады) - Енді қанша алма болды? - Балалар, бір алмаға және бір алма қостық. Содан неше алма	**1.Жаратылыстану** **Тақырыбы**:«Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» **Мақсаты:**Табиғат аясындағы тәртіп ережелері туралы түсінік беру. **Тақырыбы**: Табиғат аясындағы қауіпсіздік. **Мақсаты:** Табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету.Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдыларына қалыптастыру.Өзіне,өзінің қадір-қасиетін бағалауға тәрбиелеу.Ережені сақтаудың маңыздылығын түсіндіру. **Әдіс-тәсілі:** тосын сәт,сұрақ жауап,мнемотехника,әңгімелеу,түсіндіру,сергіту сәті. **Қажетті көрнекі құралдар:** хат,сауысқан бетперде,әр түрлі саңырауқұлақтар,өсімдіктер және жәндіктер суреттері,желім. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.** **1.Мнемотехника.** Күз мезгілі. **2. Тосын сәт.** Сауысқан хат әкеледі. **3.Ой қозғау.** -Бұл хат кімнен деп ойлайсыңдар? Бұл хатты ормандағы балалар жазыпты.Олар орманнан саңырауқұлақтар теріп,саңырауқұлақтың қайсысын жеуге болатын дығын білмейді екен. Сол	**1.Музыка** Педагог жоспары бойынша **2.Мүсіндеу** **Тақырыбы**: «Бағдаршам» **Мақсаты:** Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, бағдаршамды мүсіндеуді үйрету. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы** Ұйымдастыру кезеңі Балалар, бір жылда неше мезгіл бар? -Жыл мезгілдерін атап беріңіздерші. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Күзде ауа-райы қандай болады? Аптаның нешінші күні? **Қызығушылықтарын ояту.** **Тосын сәт.** Аю келеді. Жолдан қалай өтуді білмейді. Балалардан көмек сұрайды. Ой қозғау. Олай болса жол ережесі, бағдаршам туралы түсінік берейік. **Түстер арқылы топқа**

	Балаларға слайд көрсету арқылы ыдыстармен таныстыру. **Ой қозғау.** Ыдыстардың не үшін керек? **Ойын.** Дастархан әзірлеу. Балаларға ыдыстарды атата отырып, дастарқан әзірлету. Ол ыдыстарға не салатындарын ататқызу. Ыдыстарды күтіп ұстауды үйрету. **Үстел үсті ойыны:** «Суретті құрастыр»: Мозаикадан ыдыстарды құрастыра отырып, саусақ моторикасын дамыту. **Сергіту сәті:** **«Не жасырылғанын тап» ойыны.** **Шарты:** тақтада ыдыстардың – тәрелке, қасық, кесе, табақ, кастрөлдің суреттері ілулі тұр. балалар қандай сурет жоқ екенін табады. Балаларды мадақтау. **Қорытынды.** Әйгерім қуыршақ сіздерге рахмет айтып жатыр. Әйгерім қуыршақпен қоштасу. Балалар, бүгін нелер туралы айттық? - Қандай ыдыстармен таныстыңдар? - Балалар, біз кімге көмектестік? Мадақтау **2.Музыка** **Педагог жоспары бойынша** **3.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:**Секіру Тепе-теңдікті сақтау.	Балалардың жауаптары **Бағдаршам өлеңі** Бұл өлеңнің авторы– С.Дүкенбай. Бағдаршам біледі, Бәрін де көреді. Адам да, көлік те, Сол шаммен жүреді. Бағдаршам, бағдаршам. **Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Оңға бір, солға бір, Бір отырып, бір тұрып. Бойымызды жазайық. **«Бағдаршам» ойыны:** Ойынның шарты: бағдаршамның қызыл көзі жанғанда балалар түп-түзу тұрады, сары көзі жанғанда қол шапалақтайды, жасыл көзі жанғанда билейді. **Қорытынды.** Сұрақтар ілмегі Балаларды мадақтау **2.Сурет салу** **Тақырыбы:«Бағдаршам»** (Заттық сурет салу) **Мақсаты:** Дөңгелек пішінді заттарды сала отырып, дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы** Ұйымдастыру кезеңі Балалар, шаттық шеңбер жасап, бір-бірімізге	шықты. Балалардың жауаптары Тағы бір мысал келтірейік – мынау не? Ара Омартаның қасында бір ара ұшып жүрді, біраз уақыттан кейін тағы бір ара ұшып келді, нешеу болды? Дұрыс, екеу болды. Сонымен екі санының таңбасымен танысайық (көрсету) 2 Қараңдаршы 2 – саны неге ұқсайды?  Дұрыс, аққу құсының мойнына ұқсайды. Санау ретімен таныстыру: Тура және кері санау 1,2 Солдан оңға қарай санау – тура Оңнан солға қарай санау – кері Сонымен екі саны бір санынан кейін тұрып, «көршісі» деп аталады **Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрайық (мәтінге сәйкес іс-қимылдар жасау) Қолымызды жаяйық. Қарлығашқа ұқсайық Ұшып, ұшып алайық. **Миға шабул:** **Логикалық тапсырмалар орындау.**	себепті сендерден көмек сұрап хат жазыпты. Көмектесу үшін орманға барайық. **4.Орманға саяхат.** -Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? -Қандай жәндіктерден абай болу керек? -Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек? -Болған жағдайда не істеу керек? Мысалы,оттың лаулап жанып жатқанын көрдіңдер немесе кене шағып алды,бұндай жағдайда не істеу керек? -Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек? **Табиғаттағы өзін-өзі ұстау ережелері:** 1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал! 3. Табиғатта өзін-өзі ұстай білу ережесі 2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса! 4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет! 5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма! **5.АКТ технологиясы** Слайд көрсету. Саңырауқұлақтар Саңырауқұлақтар туралы түсінік беру. **6. Сергіту сәті.** Саңырауқұлақ болайық,	**бөлу.** Слайд арқылы қоянға түсінік береді. 1-Қызыл түс тобы бағдаршам туралы айтады. 2-Жасыл түс тобы жол ережесі туралы түсінік береді. Балаларды мадаақтау. **Ойын «Бағдаршам»** Балаларға үш түсті дөңгелектер беріледі. Балалар сол дөңгелектердің түстерін дұрыс тауып бағдаршам құрастырады. Ой дамыту. Балалар қоян бағдаршам түстерін ұмытып қаламау үшін бағдаршам мүсіндеп берейік. **Мүсіндеудің орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру.** **Сергіту сәті:** Орнымыздан тұрайық, Біздер жолға шығайық. Ұзын,қысқа жолдарды Біліп біздер алайық. Оң жақта да, сол жақта да, Биік үйлер бар екен. Балалар жұмысқа кіріседі. **Бақылау.** Жеке көмек. Балалардың жұмыстарын қорытындылау. Қоян: Рахмет сендерге

	І.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. **Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** 1. Тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2 есебінде басты оңға қарай, 3 - 4 есебінде солға бұру керек. (4 рет қайталау) **2.** Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /4 рет қайталау/ **3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. **4**.Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, 1- оңға бұрылу, 2- б.қ. 3- солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «қақпа ашылды» деп айту . **5.** Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/ Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру. **Тыныс алу жаттығулары:** Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** 1.Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру.	жылы лебімізді білдірейік. -Әрқашанда әдемі болайық! -Күніміз жарық болсын! -Балабақшамыз жайнай берсін! -Бәріміз дос болайық! **Миға шабул** Жұмбақ жасыру. Жоқ өзінде бас та, құлақта, ауызда, Бақырайған үш көзі бар бырақта. (бағадаршам) **Ой қозғау** Сұрақ жауап. Бағдаршамның неше көзі бар? Бағдаршамның көздері қандай пішіндерге ұқсас? - Қане бәріміз ауада дөңгелек пішінді салайық. **Түстер арқылы топқа бөлу.** **1-топ** бағдаршамның пішіндерін мақталы таяқшалармен бояйды. **2-топ** түрлі түсті канандашпен сурет салады. Сурет салудың әдіс тәілдерін көрсету,түсіндіру. Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек. Саусақ жаттығуы **«Салат» саусақ ойыны** Сәбізді алып	**1.**Торғайларды санайық Ағашта 2 торғай қонып тұр еді, Ала мысықты көріп 1 торғай ұшып кетті Ағашта қанша торғай қалды? **2 .**Мирастың өзінде 1 алма болды, әжесі оған базардаң 1 алма сатып әперді Мираста қанша алма болды? **3.**Кірпі орманда өзіне 2 санырауқұлақты теріп алды. 1 санырауқұлақты тиінге сыйлайды Кірпіде қанша саңырауқұлақ қалды? **4.**Адамда неше көз бар?(2) **Суретпен жұмыс.** - Балалардың суреті. Қане, кім айтады? Кімнің бойы ұзын екен . Мынау нелер? - Жолдар. Мынау қандай жол? - Ұзын жол. Ия, ұзын жол. Ал, мына жол қандай? - Қысқа жол. Дұрыс айтасыңдар, балалар! Балалар мынау нелер? -Жылан және жұлдызқұрт -Қане қарайықшы қайсысы ұзын? **Қорытынды.** Біз бүгін қай санмен таныстық? Балалар жарайсындар логикалық есептерді жаксы орындадыңдар. Балаларды мадақтау	Тізе бүгіп отырайық. Жаңбыр жауса көтеріліп, Өсіп-өсіп алайық. **7.Балабақшаға оралу** **Сұрақтар ілмегі.** Балаларды мадақтау. Жұлдызшалар беру. **3.Дене шынықтыру** **Тақырыбы**:Саяхатқа шығамыз **І.Кіріспе бөлім.** Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. **Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** (таяқшалар) «Біз күштіміз!» Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде. 1.Екі қолды алға созып 2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу. 3.Бір қатарға келу. «Біз барлаушымыз!» Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде. 1.Қос қолды жоғары көтеру. 2.Денені бұрып – оңға иілу 3.Денені бұрып – солға иілу. 4.Б.қ. келу «Біз штангашымыз!» Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде. 1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау 2. Таяқшаны жоғары көтеру.	балалар, мен енді жол ережесін бұзбаймын деп балалармен қоштасады. Балаларды мадақтау. **Қорытынды.** Балаларды бағдаршамның көздері бойынша бағалаймын (қызыл – төмен, сары – жақсы, жасыл – өте жақсы).

	2.Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүру. **Қимылды ойын:** Торғайлар мен мысық Балаларды мадақтау. Тыныс алу жаттығу. «Шар үру»	тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды). Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді). Балалардың жұмыстарын қорытындылау. Галерия шаралау әдісі Екі топ бір бірін бағалайды. **Бес саусақ әдісі** арқылы қортындылау. **3.Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** Жаттығамыз-шынығамыз! **І.Кіріспе бөлім.** Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. **Негізгі бөлім:**	**2.Қоршаған ортамен таныстыру** **Тақырыбы:** «Жолда жүру ережесін сақтайық» **Мақсаты:** Көлік түрлері, жол туралы түсінік беру.Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы** Ұйымдастыру кезеңі **Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру.** Үш көзі бар қаз - қатар Кезек – кезек ашады Үшеуінен байқасым Үш түсті нұр шашады Бұл не? Жұмбақтың шешімі бағдаршам туралы қысқа түсінік беру. **Пішіндер арқылы топқа бөлу.** 1топ Үшбұрыштар тобы бағдаршам туралы түсінік береді. 2-топ Дөңгелектер тобы жол ережесі туралы айтады. 3-Шаршы тобы көшеде қалай жүру тәртібі туралы түсінік береді.  **Дидактикалық ойын** «Дұрыс, дұрыс емес» **Ә. Табылдиевтің «Бағдаршам» өлеңі** Қызыл көзін ашқанда, аяғынды баспа алға.	3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу. 4.Б.қ. келу. «Бізептіміз!» Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады. 1.Қос қол белде. 2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру 3.Б.қ. келу Тыныс алу: 1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту. 2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** 1 Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру. 2.10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. (гимнастикалық баспалдаққа көтеріле өрмелеу) **Қимылды ойын:** Өз үйіңді тап!» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау. Тыныс алу жаттығу. «Ауа шары»	

		Жалпы дамыту жаттығулар: **1.** Қол мен иыққа арналған жаттығулар: Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде. **а)** қолдарды жоғары көтеру. **ә)** екі жанға тербелу, оңға тербелу. **б)** солға тербелу. **2.** Денеге арналған жаттығулар: Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде. **а)** қолды жоғары көтеру. **ә)** алға созу. **б)** түсіру. **в)** екі қолды жанға созу. **г)** б.қ.келу. **3. Аяққа арналған** Б.қ: тік тұру, қол төменде. **а)** екі қолдағы кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру. **ә)** бір орында секіріп, қолды жанға созу. **б)** б.қ. келу. **Тыныс алу жаттығулары:** шәйнектік дыбысын салу (ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. **Негізгі қимыл-жаттығулары:** 1 Допты тура бағытта	Сары көзін ашқанда, қарап қалма аспанға. Жасыл көзін ашқанда, жүре бергін жасқанба. **Бір қадам әдісі** бойынша қайталау. **Қорытынды** 3-топты мадақтап жұлдызшалар тарату.		


		домалату. 2.Құрсаудан еңбектеп өту. **Қимылды ойын:** «Допты ұста» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау. **Тыныс алу жаттығу.** «Бір мұрын куысымен тыныста.			
Серуенге дайындық 10.00-10.20	**Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен: 10.20-12.10	**Картотека №19** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №18** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №20** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека № 21** Картотека қосымша тіркелген.	**Картотека №18** Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу 12.10-12.30	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас 12.30-13.00	Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу				
Ұйқы 13.00-15.10	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.10-15.40	**№16** Картотека қосымша тігілген	**№17** Жел Картотека қосымша тігілген	**№18** Көздерім тұрыңдар Картотека қосымша тігілген	**№19** Күн Картотека қосымша тігілген	**№20** Жел Картотека қосымша тігілген
Бесін ас 16.40-16.00	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың	Дидактикалық ойын «Бұл не?» Мақсаты: суреттен ойыншық аңдарды тануға, атауға,	Дидактикалық ойын. «Түстес сақинаны тап» Мақсаты: қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды	Дидактикалық ойын. «Ұяшыққа орналастыр» Мақсаты: екі түрлі пішінді заттың	«Көңілді қаламдар» Мақсаты: Балаларды бояулардың түстерін эмоциялы қабылдауға,	Дидактикалық ойын: «Аңдарды табайық» Мақсаты: Суреттегі жануарлардың

жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.30	дыбысын, жүрісін салуға үйрету. Балалармен жеке жұмыс. «Мүсіндеп үйренеміз» Мақсаты: мүсіндеу тәсілдерін үйрету	табуға үйретуді жалғастыру. Балалармен жеке жұмыс. Отбасы туралы әңгімелесу Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.	әрқайсысын өз ұяшығына орналастыруға үйрету, ойлауын дамыту, қол қимылын жетілдіру Балалармен жеке жұмыс. Ойын:«Не ұшты?» Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	қаламмен қағазға сурет салуға үйрету. Балалармен жеке жұмыс. Жұмбақ жасыру Мақсаты: Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	ерекшеліктерін, іс-қимылдарын, дыбысын ажыратуға және сала білуге үйретуді жалғастыру. Балалармен жеке жұмыс. Күзге арналған тақпақтар жаттау.
Серуенге дайындық 16.30-16.50	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
Серуен 16.50-17.40	**Таза ауаға серуен.** **Серуен №19** Картотека қосымша тіркелген.	**Таза ауаға серуен.** **Серуен № 20** Картотека қосымша тіркелген	**Таза ауаға серуен.** **Серуен № 21** Картотека қосымша тіркелген.	**Таза ауаға серуен.** **Серуен № 22** Картотека қосымша тіркелген.	**Таза ауаға серуен.** **Серуен № 23** Картотека қосымша тіркелген.
Балалардың үйге қайтуы 17.40-18.30	Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесуАта-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Амирдің анасымен әңгімелесу. «Баласының өз-өзіне қызмет көрсетуге үйрету». Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Ата-анаға; «Балаңызға түстерді үйретесіз бе?» Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.

ЦИКЛОГРАММА
IV апта (қазан айы , 2021ж.)
Ересек «Балауса» тобы
25.10.-29.10.2021ж

Өтпелі тақырып: « Менің отбасым»
Тақырыпша: «Алтын күз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.10.2021	Сейсенбі 26.10.2021	Сәрсенбі 27.10.2021	Бейсенбі 28.10.2021	Жұма 29.10.2021
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу -8.00	*Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойын ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)-8.25	*Әңгімелесу: « Күз» Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Дид/жаттығу: «Қарада ата» Мақсаты: Заттарға іс-әрекет таңдау.*	*«Заттың атын ата» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығын дамыту*	*Мнемотехника әдісі «Күздік киімдер» Мақсаты: киім түрлері туралы түсінік беру.*	*«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету*	*Дид-қ ойын «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты:Төрт мезгіл мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.Сөздік қорын байыту*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	***Таңертеңгі жаттығу кешені.*** ***Картотека № 7*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*				
Таңғы ас 8.30-9.00	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.20	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *«Жыл мезгілі. Күзгі табиғат» (сурет бойынша әңгімелеу).* ***Мақсаты:*** *сурет мазмұнына сәйкес әңгімелеуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.*	***1.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *«Күзде»өлеңі. І. Байжұманова.* ***Мақсаты:*** *Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу.*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *2 саны мен цифры. Жақын – алыс.* ***Мақсаты:*** *2 цифр туралы білімдерін бекіту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; «алыс», «жақын» ұғымдарын*	***Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:****Алтын күз* ***Мақсаты:****Балалардың санасында күз маусымында жанды және жансыз табиғатта болатын алғашқы өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ауа райы*	***1.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***2.Жапсыру.*** ***Тақырыбы:Күзгі жапырақтар»*** ***(Сюжетті***

9.20-10.00	***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Ұйымдастыру:* *Шаттық шеңбер.* *Қуан, шаттан алақай!* *Қуанатын күн туды,* *Қайырлы таң!* *Қайырлы күн!* ***Миға шабул.*** *Жұмбақ жасыру.* *Жауып жаңбыр,жер сабыр* *Шөп, жапырақ солады.* *Бұл қай кезде болады ?* ***Ой қозғау.*** *Сұрақ жауап.* *-Қазір жылдың қай мезгілі ?* *-Жылдың күз мезгілінде қандай өзгерістер болды?* *-Күз мезгілінде бау- бақшада нелер піседі?* ***Ой дамыту.*** *Суретпен жұмыс.* *Мнемотехника «Күзгі табиғат»* *Сурет бойынша әңгіме құрап, әңгімеге ат қою.* *Балаларды тыңдау.* ***Дидактикалық ойын.*** *«Жеміс пе, көкөніс пе? »* *Мақсаты: Екі себеттегі жемістер мен көкөністер түрлерін ажырытып, бөліп салуға үйрету;Олардың пішімін, көлемін, түр түсін салыстыру.* ***Сергіту сәті.*** *Жаңбыр жауып басылды* *(партаны тырсылдатады)* *Күннің көзі ашылды. (қолымен көрсетеді)* *Көкжиекке көрікті,*	***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбер*** *Арайлап таң атты* *Алтын сауле таратты.* *Жарқырайды қаламыз,* *Жайнай түсті даламыз.* *Қайырлы таң,* *достарым!* *Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?* *- Күз мезгілінің айларын кім маған айтып береді екен?* ***Ой дамыту.*** *І. Байжұмановаңың «Күзде» өлеңімен танысып, жаттаймыз. «Күзде» өлеңін 2-3 рет оқу (слайд арқылы көрсету)* ***Күзде*** *Алма пісіп, алмұрт түсіп,* *Күзде бақтар жайнайды.* *Құстар қайтып, қош айтысып,* *Қимас үнмен сайрайды.* ***Ой қозғау.*** *Сұрақ жауап.* *Балалар, өлеңде не туралы айтылған? (күз туралы)* *Құстар қай жаққа ұшып кетеді? (Жылы жаққа).* ***Бір қадам әдісі*** *бойынша жаттау.* ***Сергіту сәті:*** *Жаңбыр, жаңбыр*	*айыра білуге үйрету; логикалық ойлауын дамыту.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Ұйымдастыру кезеңі.* *Психологиялық сәт* *Армысың алтын күн,* *Армысың көк аспан.* *Жылуыма жылу қос,* *Міне менің қолым,* *- деп балалар бір-біріне қолдарын ұсынып, жүрек жылуын алақандары арқылы сезінеді.* ***Сұрақтар ілмегі.*** *Қазір жылдың қай мезгілі?* *Бүгін аптаның қай күні?* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Жұмбақ жасыру*** ***1.** Далада жүр шапқылап,* *Керемет, тым саққұлақ.* *Тек есектен басқада,* *Оған ұқсар жоқ құлақ.* ***2.** Басы жерге бұғып тұрады,* *Жап-жасыл сақалы* *Жерге шығып тұрады* ***Суретпен жұмыс.*** *Суретте неше қоян, неше сәбіз бар екен? Суреттегі заттарды санату арқылы 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту.*  *Содан соң екі дөңгелек пен 2 цифрын бояуды тапсыру.* ***Ойын: «Жеміс жинаймыз».*** ***Мақсаты:** суреттегі берілген жемістердің ішінен бүгінгі*	*жағдайын анықтау; бақылау қабілетін дамыту; қарапайым экологиялық мәдениет қалыптастыру* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Шаттық шеңбері:*** *Табиғат біздің анамыз* *Табиғатқа баламыз* *Иіліп сәлем береміз* *Біз әдепті баламыз!* ***2.Балалармен амандасу.*** ***3.Миға шабул*** *1.Жұмбақ жасыру.* *Жапырақты бояды,* *Атырапты бояды.* *Бояп-бояп барлығын* *Сап-сары ғып қояды. (Күз)*  *Жұмбақтың шешуін табады:* ***4. Балалардың білімін нығайту**. Тақпақ оқу.* *Қарашы күз келді, күз келді* *Жапырақ жауыпты іздерді.* *Құс біткен керуен тізеді,* *Қара бұлт қабағын түйеді.* *Мнемотехника күз мезгілі.*  ***5.Сұрақ жауап**.* *-Күз мезгілінде табиғатта*	***аппликация)*** ***Мақсаты:** Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын сақтауды үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Кел, балалар, күлейік!* *Күлкіменен түлейік!* *Қабақ түйген не керек,* *Көңілді болып жүрейік!* *Қазір қай мезгіл?* *Күз екенін қайдан білдіңдер?* *Балалардың жауаптары* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Кірпі келеді.* *Кірпі бүгін бізге қызықты суреттер әкеліпті.* ***Суретпен жұмыс.*** ***Ой қозғау.*** *Кәне суретке қарап көрейік. Балалар бұл суретте қай жыл мезгілі?* *Күзде қандай өзгерістер болады?* *Ағаштағы жапырақтардың түстері қандай?* *Балалардың жауаптары* *Кірпі: Балалар маған күзгі жапырақ гүл шоғын жасап бересіңдер ма?* *Балалар келіседі.*

	Кемпірқосақ асылды . (қолымен дөңес сызық көрсету) ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.* ***2.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы:*** *Ұзындыққа секіру.* ***І.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *Шеңбер бойымен тұру.* *Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру* *2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру* *3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру* *2. 2 қолды алдына апару* *3. 2 қолды жанына апару* *4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу* *5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру* *6. Терең дем алу*	*жауасыңЖанымызға дауасың,* *Біз ойнайтын ауланың* *Тазартасың ауасын.* ***Тосын сәт.*** *Топқа қолында қағаздары бар* *Білмеспек келеді.* *Білмеспек:Сәлеметсіз бе апай, сәлеметсіңдер ме балалар. Апай маған мұғалімім мына көкөністер мен жемістерді ажыратып алып кел деп тапсырма берген болатын. Ал мен болсам қайсысы көкөніс, қайсысы жеміс екенін айыра алар емеспін. Балалар, өтінемін,сендер маған көмектесесіңдер ме?* *Балалар көмектесуге келіседі..* ***Суретпен жұмыс.*** *Жемістер қайда өседі? (Ағашта)* *Жемістерді бізге кім атап береді?* *Көкөністер қайда өседі? (бақшада)* *Енді көкөніске нелер жататынын кім айтып береді?* ***Дидактикалық ойын:*** *«Көкөніс пе,жеміс пе?»* *Көкөністің суреттерін себетке, ал жемістерді шыны ыдысқа жинайды.* *Балаларды мадақтау.*	*өткен 2 санына сәйкес келетін жеміс түрлерін қорапқа саламыз.* ***Тура кері санау.*** *1,2* ***Сергіту сәті:*** *Бір дегенде тұармыз,* *Екі, үш, төрт алақанды соғамыз.* *Оң жаққа бұрылып, сол жаққа бұрылып,* *Бес дегенде асықпай,* *Орнымызды табамыз.* ***Дидактикалық ойын:*** *Заттың санымен сәйкестендір.*  *- Балалар, қараңдаршы ойыншықтар қайда орналасқан?* *Сөредегі ойыншықтарға назар аударту.* *- Қуыршақ машинадан алыс тұр, ал допқа жақын тұр.* *- Ал зырылдауық жоғарыда тұр, пирамида төменде тұр.* *- Қараңдаршы, мына кубиктың артында не орналасқан?* *- Дұрыс айтасыңдар, доп тұр екен.* *- Ал кубиктың алдында не тұр?* *- Машина тұр. Өте жақсы!* ***Қорытынды.*** *Сұрақ- жауап арқылы қорытындылау.* *Балаларды мадақтау.* ***2.Құрастыру*** ***Тақырыбы:«Саңырау***	*қандай өзгерістер болады?* *-Күзде жапырақтардың түсі қандай болады?* *-Құстар қай жаққа ұшып кетеді?* ***6.Тосын сәт.*** *Күз ханшайымы келеді.* *Балалармен амандасады.* *Тапсырма алып келеді.* ***Ресурс арқылы топқа бөлу. (Жапырақтар арқылы 2 топқа бөлу)*** ***1-топ. Сары жапырақтар*** ***2-топ. Жасыл жапырақтар*** ***1- Сары жапырақтар тобына*** *Күздің ерекшеліктерін тауып бер.* *-Суретте күз мезгіліне байланысты ерекшеліктерді тауып алып, үлкен суретке сызықша арқылы көрсет.* ***2- Жасыл жапырақтар тобына*** *Суретпен жұмыс.* *Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдер?* ***2- тапсырма. Жұмбақ шешу.*** ***1-Сары жапырақтар тобына*** ***1****.Қанаты жоқ ұшады,* *Аяғы жоқ қашады. «жел»* *2.Ағайынды бәрі* *Шықса жасыл,* *Түссе сары «жапырақ»* ***2- Жасыл жапырақтар тобына*** *1.Аспаннан домалап,* *Көп моншақ төгілді* *Бусанып жон жонап,* *Терледі, керілді. «жаңбыр»*	***Топқа бөлу.*** *Түрлі түсті жапырақтармен топқа бөлу.* *1-топ сары түсті жапырақтар түрлі түсті қатты қағазды қиып үлкен жапырақ жапсырады.* *2-топ қызыл түсті жапырақтар кіші жапырақтар қиып жапсырады.* ***Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар* *Алдымнан жел еседі* *Кіп- кішкентай ағаштар* *Үлкен болып өседі.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек.* *Қорытынды.* *Балалардың жұмыстарын қорытындылау.* ***Галерея шаралау әдісі.*** *Балалар бір бірінің жұмыстарын бағалайды.* *Кірпі балаларға рақмет айтып қоштасады.* *Балаларды мадақтау.*

	Негізгі қимыл-жаттығулары: *1 Қысқа секіртпемен секіру* *2. Допты бір-біріне төменнен лақтыру,* ***Қимылды ойын:*** *«Мысықпен тышқан» ойыны: Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау.*	*Балалар тапсырманы жақсы орындап шықтыңдар, Дымбілмес балаларға көрсеткен көмегі үшін рахмет айтып, шығып кетеді.* ***Қорытынды.*** ***Сұрақтар ілмегі.*** *Қай жыл мезгілі туралы әңгімелестік? Білмеспек сендерден қандай көмек сұрады? Балаларды мадаақтау.* ***2.Сурет салу*** ***Тақырыбы:«****Күзгі жапырақтар»* *(Дәстүрден тыс сурет салу)* ***Мақсаты:****Күзгі жапырақтар туралы түсіндіру, бастыру әдісі арқылы жапырақ салу* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Балалар қазір қандай мезгіл?* *-Күз мезгілінде қандай құбылыстар болады?* *-Күз бізге не әкеледы?* *-Күзде ауа райы қандай болады?* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Топқа түрлі түсті жапырақтар әкелу.* ***Ой қозғау.*** *Сұрақ жауап.* *Бұл не?*	***құлақ» (табиғи материал дармен жұмыс)*** ***Мақсаты:*** *Саңырауқұлақ жайлы білімдерін бекіту, саңырауқұлақты табиғи материалдардан жасай білуге және пішіндерді дұрыс қолдана білуге үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Миға шабул әдісі.*** *Жұмбақ жасыру.* *Домалақ қалпағым бар,* *Аппақ- аппақ аяғым бар.* *Орманда көктемде* *Өсемін, әрине.* */Саңырауқұлақ/* ***Акт технологиясы.*** *Слайд. Саңырауқұлақ* *Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру.* *Тосын сәт.* *Тиін келеді.* *Балалардан көмек сұрайды.* *Балалар тиінге саңырауқұлақ жасап беруге келіседі.* ***Топқа бөлу.*** *Суреттер бойынша (үлкен-кіші саңырауқұлақтар арқылы)* *1-топ жапырақтарды кию арқылы үлкен жапырақтар жапсырады.* *2-топ жапырақтардан кіші саңырауқұлақтар жапсырады.* ***Саңырауқұлақты құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.*** ***Сергіту сәті:***	*2.Көзі жасты жылауық* *Келе жатыр, бір алып,* *Жабырқаса, жылайды,* *Жадыраса құлайды. «Бұлт»* ***7.Сергіту сәті.*** *Жаңбыр жауды,* *Тық-тық-тық.* *Сен көшеге шық-шық-шық.* *Жел соғады гу-гу-гу,* *Жапырақтар ұшты ду-ду-ду* *Құйын тұрды ой-ой-ой* *Билеп кетті жапырақтар.* ***8. «Даналық ағашы » ойыны.*** *Сұрақтарға жауап беру арқылы алмаларды себетке жинау.* *Алтын күзбен қоштасу.* ***9. «Шапалақ әдісі» арқылы қорытындылау.*** ***3.Дене шынықтыру.*** ***Тақырыбы:*** *Кім бірінші* ***I.Кіріспе бөлім.*** *Бір қатар сапқа тұру.* *Сәлемдесу.* *(нұсқауларды орындау)* *Шеңбер бойымен тұру.* *Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *Жалаушамен жаттығу»* *1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)* *2. Бір қатардан екі қатарға тұру.* *3. Жалаушамен жаттығу.* *1. Б.қ қолда жалауша:1 – алдыға созу , 2 – жоғары*	

		Түстері қандай? *Балалар айтындаршы жапырақтар бірдей болама әлде әр түрлі болама?* *-Жапырақтар неге бір біріне ұқсамайды?* *Балалардың жауаптары.* ***Сиқырлы ағашқа жапырақтарды ілеміз.*** *Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.* *Балалар ен алдымен біз жапырағымызды толық жай сумен сулап аламыз.* *Сулап алған соң қылқаламен жапрыақты бояй бастаймыз,сонда жапрыағымыз еркеше әдемі болады..Соң боялған жапырағымызды ағашқа бастырамыз.* ***Саусақ жаттығуы:*** *Оң қолымда бес саусақ (Саусақтарын қимылдатады).* *Сол қолымда бес саусақ.* *Бесті беске қосқанда* *Болып шықты он саусақ.* *Балалардын жұмысын қадағалап, үлгере алмай жатқан балаларға көмектесу.* ***Қорытынды.*** *Баларал жұмыстарын*	*Орнымыздан тұрамыз* *Шаттық шеңбер құрамыз.* *Оңға-солға иіліп,* *Орнымызды табамыз.* *Балалар өз бетінше жұмыс істейді:* *Қажет болса жеке жұмыс жүргізіледі.* ***Қорытынды.*** *Дайын жұмыстарың тақтаға әкеліп қояды.* *Тиін балалардың жұмыстарың мақтайды.* *Қоштасады және рахмет айтады.* *Балалардың жұмыстарын мадақтау.*	*көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.* *2.Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен.* *3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа жеткізу.* *4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру.* *5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6 рет.* *6.Б.қ жалау кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1. Заттардың арасымен допты домалату.* *2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу* ***Қимылды ойын:*** *«Мысықпен тышқан» ойыны:* *Ойын шартымен таныстыру.* *Балаларды мадақтау.*	

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 20.12.2021***	***Сейсенбі 21.12.2021***	***Сәрсенбі 22.12.2021***	***Бейсенбі 23.12.2021***	***Жұма 24.12.2021***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25	***Картотека №6*** *«Табиғат құбылыстарын ата»* *Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.*	***Картотека №7*** *«Гүлдер біздің досымыз»* *Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.*	***Картотека №8*** *«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»* *Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. Сөздік қорын молайту.*	***Картотека №9*** *«Қысқы тіршілік»* *Мақсаты: қыстап қалатын құстардың жеке атауын ататып, оларды ажырата білуге үйрету. Сөздік қорын дамыту.*	***Картотека №10*** *«Сән ателъесі»* *Мақсаты: балаларды суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдермен ұлттық киімдерді ажыратып топтастыруға, тапқырлық шапшаңдыққа баулу.*
Таңертеңгі гимнастика 8.25 -8.30	***Желтоқсан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген***				
Таңғы ас 8.30-9.00	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың материалдарын,көрнекіліктерін,дидактикалық ойын материалдарын дайындау.*				

9.00-9.20	*Алақай! Ж. Смақов* *Жасыл емес жайнаған,* *Ақ мамық қар айналаң.* *Сырғанақта ойнайсың,* *Қызыққа енді тоймайсың.* *Алақай-ау, алақай,* *Қыс келіп тұр, балақай!*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері 9.20-10.00	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *«Біз тұратын ауыл»* *(сурет бойынша әңгіме құрау)* ***Мақсаты:*** *Мнемотехника әдісі арқылы ауылдың көрікті орындарын ретімен сипаттап, әңгіме құрастыра білуге үйрету* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбер*** *Сәлем саған жер ана!* *Сәлем саған нұрлы күн!* *Аман –есен болайық* *Бейбітшілікті қалайық.* ***Кубизм әдісі*** *Жыл мезгілі.* ***Ой дамыту.*** *Балалар, сендер білесіңдер ме, Қазақстан Республикасының көптеген қалалары мен ауылдары бар. Сол ауылда сендер сиякты бақытты балалар тұрады. Әр адам өзінің туып өскен жерін мақтан етеді . Мен де өзім туып өскен жерімді мақтан етемін. Сол себептен мен сендермен өздерің тұратын ауылымыз туралы әңгімелескім келіп тұр.* ***Ой қозғау.***	***1.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *«Туған өлке»* *Ө.Тұрманжановтың* ***Мақсаты****.Өлеңді зейін қойып тыңдауға үйрету.Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Туған жерлерін сүюге тәрбиелеу.* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбер*** *Үлкенге де сіз,* *Кішіге де сіз.* *Барша жанды құрметтеп,* *Бас иеміз біз.* ***Суретпен жұмыс*** *Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимараттардың суреттерін іліп,балалардың назарларын суретке аударып, сұрақтар қою.* *-Мына суреттер сендерге таныс па?* *-Біз тұратын ауыл қалай аталады?*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *Кеңістікті бағдарлау.Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы* ***Мақсаты:*** *Кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың геометриялық пішіндер туралы білімін нығайту; ойлау дағдыларын және зейіндерін арттыру.* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбер.*** *Армысың, шапағатты, Күн ана* *Армысың қайырымды, Аспан ана* *Армысың мейірімді, Жер ана* *Армысың менің достарым.* *-Балалар, қанеки, есімізге түсірейікші жылдың неше мезгілі бар?* *-Жыл мезгілдерін атаңдаршы.* *-Қазір жылдың қай мезгілі?* *Аптаның қай күні?* *Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?* ***«Цифрды тап» дидактикалық жаттығуы.***	***1.Жаратылыстану*** ***Тақырыбы*** *Мен табиғатты бақылай аламын ба?* ***Мақсаты:*** *«Бақылау» ұғымын түсіндіру.Жанды табиғат,оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлері туралы білімдерін жетілдіру.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Шаттық шеңбер:*** *Армысың, шапағатты, Күн ана* *Армысың қайырымды, Аспан ана* *Армысың мейірімді, Жер ана* *Армысың менің достарым.* ***2.Мнемотехника.****Қыс мезгілі* ***3.Ой қозғау.*** *Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы ойланып жауап берулерін өтіну.* *Күн неге жарқырайды?* *Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады?* *Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет?* ***4.Табиғат туралы түсінік беру.(****жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.)* *-Тірі және өлі табиғат туралы*	***1.Орыс тілі*** *Педагог жоспары бойынша* ***2.Жапсыру*** ***Тақырыбы:*** *«Қысқы орман»* *(Сюжеттік)* ***Мақсаты:*** *Бейнелерді жырту тәсілімен жапсыруға үйрету, орналастырып жапсыру дағдыларын меңгерту. Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Шаттық шеңбер:*** *Алақанды ашайық,* *Күннің жылуын салайық,* *Жүректің жылуын салайық* *Осы жақсы лебізді* *Бір-бірімізге сыйлайық.* *Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?*

	Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ? ***Мнемотехника*** *Ауылым.* *АКТ .Бейнеролик ауылым* ***Миға шабул.*** *бейне роликте сендер нені көрдіңдер?* *Біздің ауыл қандай?* *Ауылымызда қандай сәнді ғимараттар бар екен?* *Ауылымыздың көшесінде қандай көліктер көп жүреді?* *Балаларды мадақтау* ***Сергіту сәті*** *Көше бойымен келеміз,* *Оң жакты да, сол жақты да көреміз.* *Автобекет, дүкендер,* *Мұражай мен әуежай.* *Барлық үйлер сәулетті* *Біздің қала көрікті.* ***Дидактикалық ойын:*** *«Ауылымды гүлдендірем»* ***Шарты****; балаларға ағаштардың, гүлдердің суреттерін таратып беру.* ***Қорытынды.*** *Бас барамақ әдісі арқылы қорытындылау.* ***2.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы.*** *Орындық арасымен өрмелеу.* ***Мақсаты.*** *Сапта тізбектеліп жүруге, жыланша ирелеңдеп*	*Балалардың жауаптарын мұқият тыңдап толықтыру.* *.* ***Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру.*** ***Туған өлке*** *Көгінде күн нұрын төккен,* *Жерінде гүл жұпар сепкен.* *Неткен сұлу,неткен көркем,* *Осы менің туған өлкем!* ***Ой қозғау.:*** *-Балалар,өлең ұнады ма?* *Не туралы жазылған?* *Мадақтау* ***Сергіту сәті.*** *Орнымыздан тұрайық,* *Алақанды ұрайық* *Оңға қарай бұрылып,* *Солға қарай бұрылып,* *Бір отырып, бір тұрып* *Бой сергітіп алайық.* ***«Бөлшектерді құрастыр»*** *дидактикалық ойын* *Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.* ***Қорытынды.*** *Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.* *Не туралы әңгімелестік?*	*Үстелге 1-ден 4-ге дейінгі сандарды орналастыру..* *Содан соң балаларды кезек-кезек тақтаға шақырып сандарды алып, ретімен қою керек.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Өлең оқу.*** *Аппақ,аппақ,жапалақтап,* *Қар жауады тынбастан.* *Қалың орман қар жамылған,* *Маужырайды түнгі аспан.* *-Балалар, өлеңде не туралы айтылады?* *Балалар мұқият тыңдайды және сұраққа жауап береді:* *Қар туралы.* *Балаларды мадақтау.* *Балалар қардың артында тапсымалар бар екен,орындаймыз ба?* ***1-тапсырма****: Қағаздың жоғарысына дөңгелекті, төменіне ұшбұрышты, оң жақ бұрышына шаршыны,сол жақ бұрышына сопақшаны орналастырыңдар.* *Балаларды мадақтау.* ***2-тапсырма*** *:«Топтағы заттардың қайсысының төрт бұрышы бар?» Кім тез айтады?* *Балаларды мадақтау.* ***Сергіту сәті.*** *Оң қолымда бес саусақ* *Сол қолымды бес саусақ* *Қосссақ егер екеуін* *Болады екен он саусақ.* ***3-тапсырма.«Сөредегі ойыншықтар»****ойыншықтард*	*түсіндіру.* *Сурет бойынша әңгіме құрастыру.Слайд. Көрсету.*  ***5.Сергіту сәті:*** *Тербеледі ағаштар,* *Алдымнан жел еседі.* *Кіп-кішкентай ағаштар,* *Үп-үлкен болып өседі.* ***6.Дид ойын: «Шатастырма»*** *1. Көктемде қар жауады.* *2. Қазір жаз мезгілі?* *3. Көктемде қар ериді?* *4Қыста жапырақтар сарғаяды?* *6 . Жыл мезгілдері: қыс,көктем,жаз,күз.* *7.Жаз ең суық жыл мезгілі?* *8.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?* *10.Жазда балалар оқиды?* ***7.Қорытындылау*** *Балаларды мадақтау.* ***2.Тапқыштар (в)*** ***Тақырыбы:*** *Үсті-асты, ішінде-сыртында,алдында артында оң ,жақ-сол жақ.* ***Мақсаты:*** *Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды оратуға үйрету,жоғарыт төмен,оң жақ сол жақ жоғары-төмен ортасында,арасында,қағаз бағдарлау. Есте сақтау ,сөйлеу*	 ***Ширату.*** *Қыстың қандай айы?* *Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?* *Қыста не жауады?* *Адамдар қалай киінеді?* *Қыста қардан не жасауға болады?* *Балалар қандай ойын ойнайды?* ***Қызығушылықтарын ояту*** *Қонаққа Қыс ханшайымы келеді.* ***Жұмбақ жасырады.*** *Аяз қысып, өрнек сызып,* *Терезені торлады. Қар омбығып,* *Беп домбығып,* *балдырғандар ойнады.* *Кейде ұлып, кейде жұлып,* *Үйтқып боран соғады.* *Айтыңдаршы бүлдіршіндер,* *Бұл қай кезде болады?* *Қыс ханшайымы балаларды орманға қонаққа шақырады.* *Балалар қысқы орманды қазір қалың қар басып*

	жүруге және жүгіруге үйрету. Белгі бойынша қарқындап өзгертіп жүруге және орындық арасымен өрмелеу үйрету.Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру ***ҰОҚ өтілу барысы:*** *Сапқа тұру.* *Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру .* *Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.* *Сапқа тұру. 4 колонна тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** *1.Аяқты алшақ қою, обруч төменде,обручты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.* *2.Обручты екі қолмен омырауға ұстау. Оңға, солға бұрылып, қолды созу.* *3.Отыру, обруч екі қолда төмен ұстау. Обручты жоғары көтеру, төмен екі өкшенің арасына түсіру, қайталау.5-6рет.* *4. Аяқпен отыру. Обручты тік ұстау, оңға, солға қисаю.* *5. Шалқадан жату.Обруч бастан жоғары. Аяқты тік ұстап, обручты тізеге тигізу.* *6. Обруч еденде, айнала секіру, адымдап орнында жүру, секіру.*	*Туған жер дегеніміз не?* *-Біздің аулымыз қалай аталады?* *Балаларды мадақтау.* ***2.Сурет салу*** ***Тақырыбы:****«Достық үйі»* ***Мақсаты:*** *Геометриялық пішіндерді салуға, ою-өрнекпен әшекейлеуге үйрету.Саусақ моторикасын дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбер*** *Арайлап таң атты,* *Алтын сәуле тараттты.* *Жарқырайды қаламыз,* *Жайнап түсті даламыз.* *Қайырлы таң достарым* *Кәзір жылдың қай мезгілі?* *Қыс мезгілінде ауа-райында қандай өзгерістер болады?* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Саяхатшы келеді.*** *Балалармен амандасады.* *Балаларға киіз үй*	*ың қай жерде орналасқанын айтады.* *-Қане, доп қай жерде тұр?* *-Ол ненің қасында тұр?* *Неден жоғары, неден төмен, қай заттардың ортасында тұр? т,б* *Балаларды мадақтау.* ***4-тапсырма.*** *Дидактикалық ойын: «Қандай пішінге ұқсайды?»*  *Сұрақтар қою.* *- Қай сурет дөңгелекке ұқсайды?* *- Шырша қандай пішінге ұқсайды? т.б* *Қорытынды.* *Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.* *Балалар қандай тапсырмалар орындадық?* *Балаларды мадақтау.* ***2.Құрастыру*** ***Тақырыбы:****«Бәйтерек»* *монументі .* ***Мақсаты:*** *Бәйтерек ғимаратын қатты қағаздарды дұрыс қолдана отырып құрастыруды үйрету.*	*,назар аудару дағдыларын дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбер*** *Амансың ба,жер ана!* *Амансың ба, нұрлы күн!* *Аман есен болайық,* *Бейбітшілік қалайық!* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** *Қуыршақ Айсұлу келеді.* *Балаларға тапсырма алып келеді.* ***1-тапсырма*** *«Кімнің қайда тұрғанын тап»* *Әртүрлі заттар мен ойыншықтарды пайдалана отырып, қайсысының қайда орналасқанын анықтайды* ***2- тапсырма Не өзгерді?»*** *Үстелдің үстінде бірнеше зат жатыр. Балалар заттың қалай орналасқанын естеріне сақтап қалады. Содан кейін көздерін жұмады. Сол кезде бір - екі заттың орны ауыстырылады.* ***Сергіту сәті:*** *Орнымыздан тұрайық,* *Алақанды ұрайық* *Оңға қарай бұрылып* *Солға қарай бұрылып* *Бір отырып, бір тұрып* *Бой сергітіп алайық.* ***Ойын жаттығу*** *«Оңға бұрыл », «Оң қолында сол құлағыңның ұшына тигіз»*	*қалған.өзендер мұз болып қатып жатыр.Орманға бару үшін бізге қандай құралдар қажет?* *Шаңғымен бару.* *(музыка)* *Орманға саяхат.* ***АКТ Слайд.*** *Қысқы орман* *Не көріп тұрмыз?* *қане кім әңгімелеп береді?* *Балалардың жауаптарын тыңдау.* ***Ойын:*** *«Ненің ізі»* *Қар ханшайымымен қоштасу.* ***Балабақшаға оралу.*** *Балалар орманда не көрдіңдер?* *Балалар қысқы орманның іші қандай екен?* *- Орманда не көрдіңдер?* *Енді осы орманнан алған әсерімізбен қысқы орманның сюжетін жапсырайық.* ***Ужымдық жұмыс*** ***Көрсету және түсіндіру.*** *Ашық көк түсті қағазға ақ қағаздан ұсақтап қиып, қарлар жасаймыз. Жасыл шаршы қағаздан үшбұрыш етіп қиып, шырша пішінін келтіреміз.* *Шыршаны қағазға жапсырып, оның үстіне қар қиықтарын*

	Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу. ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *1.Допты оң сол қолмен алысқа лақтыру* *2.Қос аяқтап кедергілерден арасымен секіру.* ***Қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар»*** *Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	*туралы білгісі келетінін айтады.* *Тақтадағы киіз үйге назар аудару*  ***Ой дамыту.*** *Киіз үйдің құрал-жабдықтарымен таныстырып, киіз үй туралы мол мағлұмат беру.* *Достық үйі деп те аталады,себебі қонақтарды киіз үйде күткен.* *Балалар қонағымызға киіз үй суретін салып естелікке беріп жіберейік.* ***Киіз үйдің салу жолдарын балаларға көрсету,түсіндіру.*** *Балалардың өз бетінше жұмысы.* *Жеке көмек* ***Сергіту сәті:*** *Кел балалар тұрайық,* *Үлкен шеңбер құрайық.* *Шаңырақты көтеріп.* *Керегені құрайық,* *Уықтарша иеліп,* *Шаңыраққа қосылып.* *Қазақ үйді құрайық.* *Балалардың жұмысын қорытындылау*	***Оқу қызметінің барысы:*** ***Ұйымдастыру:*** ***Шаттық шеңбері*** *Қуанамын мен де,* *Қуанасың сен де.* *Қуанайық достарым,* *Жарқыраған күнге!* ***Ой қозғау.*** *Суретпен жұмыс:* *-Балалар сендер суретте нені көріп тұрсыңдар?* *-Бәйтерек қай қалада орналасқан?* *Балалар кім айтады бәйтеректің жоғарғы жағы неге ұқсайды?* *-Олай болса біз бүгін осы бәйтеректі құрастырайық.* ***Топқа бөлу.*** *1-топ қағазды жырту тәсілімен жапсыру.* *2-топ мақталы таяқшамен байтеректі бояу.* ***Сергіту сәті*** *«Күн болып жанайық,* *Мөлдір су боп ағайық,* *Терең-терең дем алып,* *Жүгіріп- жүгіріп алайық.»* *Балалардың жұмыстарын бақылау* *Жеке көмек.* *Балалар жұмыстарын аяқтайды.* *Галерияға саяхат* *Біір-бірінің жұмыстарын бағалайды.* *Қорытынды*	***3-тапсырма «Тез ойла»*** *Мақсаты: .Балалардың заттарды көрсетіп салыстыру, үстінде, астында деген түсініктерін дамыту* ***Қорытынды.*** *Айсұлу балаларды адақтап жұлдызша таратады.* *Балалармен қоштасып кетеді.* *Балаларды мадақтау* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы.*** *Орындық арасымен өрмелеу.* ***Мақсаты.*** *Сапта тізбектеліп жүруге, жыланша ирелеңдеп жүруге және жүгіруге үйрету. Белгі бойынша қарқындап өзгертіп жүруге және орындық арасымен өрмелеу үйрету.Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру* *Сапқа тұру.* *Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру .* *Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.* *Сапқа тұру. 4 колонна тұру.* *Сапқа тұру.* *Шеңбер бойымен денені тік*	*жапсырамыз.* *Қоңыр түсті қағаздан ағаштардың бейнесін қиып шығарамыз.* *Балаларға өз қиялдары бойынша суретті толықтыру ұсынылады.* ***Сергіту сәті:*** *Тоңса біздің қолымыз,* *Қолғап киіп аламыз,* *Соқ-соқ,соқ шапалақ* *Тоңса біздің аяғымыз* *Етік киіп аламыз,* *Топ-топ топылдап билейміз* *Тоңса біздің денеміз* *Тон киіп аламыз* *Зу-зу шанамен зулаймыз* *Балалардың жұмыстарын бақылау.* *Жеке көмек.* ***Қорытынды*** *Балалар біз бүгін қайда серуенге шықтық?* *Қысқы орманның бейнесі қандай екен?* *Біз нені жапсырдық?* *Балаларды жақсы жұмыстары үшін мадақтау.*

		Көрме ұйымдастыру. *Жұмыстырын мадақтау. Саяхатшыға салған суретерін бері. Мадақтау.* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы.*** *Жерде жатқан тақтай бойымен өрмелеу.* ***Мақсаты.*** *Сапта тізбектеліп жүруге, жыланша ирелеңдеп жүруге және жүгіруге үйрету. Белгі бойынша қарқындап өзгертіп жүруге және жерде жатқан тақтай бойымен өрмелеуге үйрету.Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру* ***ҰОҚ өтілу барысы:*** *Балалармен амандасу. Қозғалмалы бой жазу жаттығулары* *- Қолды жоғары ұстап аяқ ұшымен жүру.* *- Екі қол белде өкшемен жүру* *- Екі қол белде аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.*	*-Біз бүгін не жасадық?* *-Байтерек қай қалада орналасқан?* *Мадақтау .*	*ұстап, адымдап жүру.денені тік ұстап секірмелі жүгіріс . табанның ішкі жақтарымен қысқа және алшақ қадаммен жүру.* *Саптан 4 колонна тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары*** ***«Күн- түн»*** ***1.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз. 6-р* ***«Иілгіштер»*** ***2.*** *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.6 рет* ***«Балапан қанатын қақты»*** ***3.*** *Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6-шынтақты жоғары-төмен көтеру, 6-р* ***«Айнаны сүрту»*** ***4.*** *Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз. 6-р* ***«Көбелек ұстау»*** ***5.*** *Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. 6-р*	

		- Бір қалыпты жеңіл жүгіру. *Сапқа тұру. 4 колонна тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** ***1.«Торғай ұшты»*** *Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру* ***5-6р*** ***2.«Баспалдақ»*** *Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа ,5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. 5-6 рет* ***3. «Арқан созу»*** *Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау. /6 рет қайталау/* ***4. «Гүлдің ашылуы»*** *Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.)* ***5. «Тырна»*** *Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіру. Сол аяқты /10-*		***Б.қ.: «Серіппе»*** ***6.** Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.* ***Тыныс алу жаттығулары:** араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* ***Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар»*** *Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	

		15секунд/ ***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрын арқылы демді ішке жұтып, ауыздан демді шығарады.* ***Қимылды ойын: «ұшақтар»*** *Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*			
Серуенге дайындық 10.00-10.20	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен: 10.20-12.10	***Картотека № 5*** ***Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 6*** ***«Аязды бақылау»*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 2*** ***«Қарды бақылау»*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 7*** ***Қыстап қалатын құстарды бақылау.*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 8*** ***Адамдардың қысқы еңбегі.*** *Картотека қосымшы тіркелген.*
Серуеннен оралу 12.10-12.30	*Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау*				
Түскі ас 12.30-13.00	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.*				
Ұйқы 13.00-15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.10-15.40	***19.Велосипед тебу.*** *1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға ,солға бұрады.* ***Картотека қосымша тігілген***	***21.Алақаныңды көрсет.*** *Қолдары иықта,* *Қолдарды алға созу, алақан көрсету.* *Қалыпқа келу.* *Қайталау, сол жаққа, алақан төменде.* *Қалыпқа келу.* ***Картотека қосымша тігілген***	***22.Балалар ұйқыдан оянады.*** *Бойымызды жазайық,* *Қолымызды созайық.* *Жаттығулар жасайық.* *Ұйқымызды ашайық.* ***Картотека қосымша тігілген***	***23.Табанды шынықтыру массажы*** *Таяқтарды жылжытып,* *Массаж жасау білеміз.* *Он аяққа 1-2-3,* *Сол аяққа 1-2-3.* ***Картотека қосымша тігілген***	***26.Асығыңдар жаттығуға.*** *1. Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.* ***Картотека қосымша тігілген***
Бесін ас 15.40-16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				

Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.30	***Картотека №17 «Төртінші артық»*** *Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет* ***.Картотека қосымшы тіркелген. Таным саласы Математика негіздері***	***Картотека №17 «Жедел жәрдем. Емхана. Аурухана» сюжетті-рөлді ойын*** *Мақсаты: берілген ойын әрекеттер сюжеттеріне сәйкес балалардың топтарға бөліне білу және аяқталғаннан кейін қайтадан бір ұжымға бірігу бөлігін қалыптастыру.****Картотека қосымшы тіркелген.*** ***Сюжеттік ойын картотекасы***	***Картотека №18 «Көп және біреу»*** *Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.* ***Картотека қосымшы тіркелген. Таным саласы Математика негіздері***	***Картотека №5 «Құрылысшылар» сюжетті-рөлді ойынының*** ***Картотека қосымшы тіркелген. Сюжеттік ойын картотекасы***	***Картотека № 21 «Құстарға көмек береміз»*** *Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* ***Картотека қосымшы тіркелген. Әлеумет саласы***
Серуенге дайындық 16.30-16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен 17.50-17.40	***Серуен №17*** ***Адамдардың қысқы киімін бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен № 18*** ***Мұздақты бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген*	***Серуен № 19*** ***Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Серуен №20*** ***Боранды бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*	***Картотека № 13*** ***Күнді бақылау.*** *Картотека қосымша тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы 17.40-18.30	*Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.*	*Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу*	*Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалрмен әңгімелесуді айту.*

ЦИКЛОГРАММА
V апта (желтоқсан 2021ж.)
Ересек «Балауса» тобы
27.12.-13.12.2021ж

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»
Тақырыпша:«Астана-Отанымыздың жүрегі»

Күн тәртібі	***Дүйсенбі 27.12.2021***	***Сейсенбі 28.12.2021***	***Сәрсенбі 29.12.2021***	***Бейсенбі 30.12.2021***	***Жұма 31.12.2021***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) 8.25-	***Картотека №1*** *«Жер, су, ауа»* *Ойын мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.*	***Картотека №5*** *«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»* *Мақсаты:* *Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез. ойлау қабілетін, белсенділігін артыру*	***Картотека №6*** *«Табиғат құбылыстарын ата»* *Мақсаты: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.*	***Картотека №8*** *«Бұл қандай құс?»* *Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстардың суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу.*	***Картотека №9*** *«Үй жануарлары»* *Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін дұрыс атауға, оларды қорғай білуге тәрбиелеу.*
Таңертеңгі гимнастика 8.25-.8.30	***Желтоқсан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген***				
Таңғы ас 8.30-9.00	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* *Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.20	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* *Балаларға ұйымдастырылған оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың материалдарын,көрнекіліктерін,дидактикалық ойын материалдарын дайындау.* *Тауық пен тары* *Тауық тары жинапты,*				

	Оны ешкімге қимапты. *Бөтекесін толтырып,* *Қамбасына құймапты.* *Қыста тауық қақылдап, Т* *ары іздеп жүр тақылдап.* *Ә. Табылды*				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері ***9.20-10.00***	***1.Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Менің отаным* ***Мақсаты****:Отан туралы әңгіме құрастыру.* *Балаларды негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге, монологтік мәтінді байланыстырып айтуға, мәтін мазмұнын дұрыс, рет-ретімен айтуға үйрету* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбері*** *Арайлап таң атты,* *Алтын сәуле таратты.* *Жарқырайды күніміз,* *Жарқырайды даламыз,* *Балалардан жыл мезгілін,ай атын ,апта күнді сұрау.* ***Топқа бөлу.*** *«Тапқыштар»* *«Шешендер»* ***2-топқа сұрақтар қою.*** ***Қай топ тез жауап береді.*** *1. Біз қандай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?* *2. Осындай кең байтақ еліміз бен жеріміздіқім басқарып отыр?* *3. Қазақстанның Елордасы қай қала?* *4. Біздің тұратын жеріміз қалай аталады?* *5. Біздің балабақшамыз қалай*	***1.Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *«Елтаңбасы елімнің» өлеңі Сұлтан Қалиев* ***Мақсаты:*** *Өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын ашу. Балаларды еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жерін, отанын сүюге тәрбиелеу.* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** *Қазір жылдың қай мезгілі?* ***Мнемотехника*** *Қыс мезгілі* ***Психологиялық сәт*** *«Жүрек жылуы»* ***Ой қозғау.*** *Отан деген не?* *- Отан деген сөзді қалай түсінесің?* *Ал біздің Отанымыздың бас қаласы қалай аталады?* *Балалар, айтындаршы біздің Қазақстанның жері қандай?* *рәмәздерін білесіңдер ме?* ***Ой дамыту.*** *АКТ технологиясы.*	***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *4 саны мен цифры. Үлкен – кіші ұғымдары* ***Мақсаты:*** *4 цифрымен таныстыру; «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету; көру арқылы есте сақтау қабілетінің дамыту,тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.****Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбер.*** *Үлкенге де «Сіз»* *Кішіге де «Сіз»* *Сәлем бердік сіздерге* *Құрметпенен біз!* *-Балалар, бір жылда қанша мезгіл болады?* *-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?* *-Қыс мезгілі екенін қайдан білеміз?* *Балалар біздің топқа ертегі әлемінен қонақтар келіпті.Егер сендер жұмбақты шешсендер,қандай қонақ*	***1.Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Аңдар қысқа қалай дайындалады?* ***Мақсаты:*** *Балалардың жабайы жануарлар, олардың қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті туралы түсінігін нығайту және кеңейту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер жүнінің түсін ауыстыру, қысқы ұйқыға кетуі, қысқа қор жинауы т.б. Балаларды жануарларға мейірімді болуға үйрету.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Ширату*** *Қар жауады,* *Күн тез батады,* *Бұл қай кезде болады? (Қыста).* ***2.Мнемотехника қыс мезгілі*** *Сұрақтар ілмегі.* *– Қазір жылдың қай мезгілі?* *-Біз қалай киінеміз? Неге?* *-Аңдар қысқа қалай дайындалады?* ***3. Ормандағы аңдарға қонаққа бару*** ***4.Жұмбақ жасыру.*** *Жеміс-жидек жегенім,* *Балды жақсы көремін. (Аю)*	***1.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***2.Мүсіндеу*** ***Тақырыбы****:«Байтерек монументі»* ***Мақсаты:*** *Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, Байтеректің мүсінін жасауға үйрету.* ***Оқу қызметінің барысы:*** *1.Ұйымдастыру:* ***1.Ұйымдастыру:*** ***Суретпен жұмыс:*** *-Балалар сендер суретте нені көріп тұрсыңдар?-Бәйтерек қай қалада орналасқан?* ***Ой дамыту.*** *«Астана-Бәйтерек» монументі туралы слайд көрсету.* ***Топқа бөлу.*** ***1-топ*** *бәйтеректің суретін гуашпен салу.* ***2- топ*** *Түрлі-түсті қағаздан жырту тәсілі арқылы бәйтеректі жапсыру.* ***3-топ*** *ермексаздан*

	аталады? *6. Еліміздің рәміздерін атаңдар.* *Балаларды мадақтау.* *Жауап берген топқа көңілді смайлктер беру.* ***1-топ «Тілшілер» тобы:*** *Рәміздерді сипаттап беріңдер.* ***2-топ «Шешендер» тобы:*** *Мемлекеттік Гимн айту* ***Сергіту сәті.*** *Дөңгелене тұрамыз,* *Керегені құрамыз.* *Уықтар болып иіліп,* *Шаңыраққа киіліп.* *Қазақ үйді құрамыз.* ***Ұлттық ойын**.«Хан талапай»* ***Суретпен жұмыс.*** ***2 топ** Отан туралы суретке қарап әңгімелп береді.* *Мадақтау* *Көңілді смайлктер беру.* ***Қорытынды.*** *2 топтың көңілді смайлктерін санау.* *Балаларды мадақтау.* ***Тілек шоғы.*** *Балалар кішкентай жүрекшелерді жер шарына тілек айтып жапсырады* *1. Еліміз аман болсын!* *2. Әр қашан күн күлім деп тұрсын!* *3. Көк туымыз биік болсын!* *4. Аспанымыз ашық болсын!* ***2.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша*	*Әңгімелеу Отан туралы.* *Жаңа тақырып.* *«Елтаңбасы елімнің» өлеңдерін оқып,талдау* *Елтаңбасы елімнің* *Неткен әйбат, әдемі!* *Тұнығындай көңілдің* *Ортада – аспан әлемі.* *Құт, береке – шаңырақ,* *Орын алған ол төрден.* *Қанатты кос арғымақ* *Екі жақтан көмкерген.* *Тәуелсіздік жолында* *Талай-талай тер тамған.* *Билігім – өз қолымда,* *Еркіндігім – елтаңбам.* ***Бір қадам әдісі арқылы жаттау.*** ***Сергіту сәті.*** *Тік ұста бойынды,* *Жоғары соз қолынды.* *Соз қолынды тағыда,* *Жеткіз, кәне аспанға.* ***Дидактикалық ойын*** *“Өз туынды тауып ал* ***Қорытынды.*** *Мақал мәтел .* *1. Отан оттан да ыстық.* *2. Туған жердей жер болмас,* *Туған елдей ел болмас.* *Балаларды мадақтау.* ***2.Сурет салу***	*келгенін білетін боласыңдар.Енді мұқият тыңдаңдар.* ***Жұмбақ жасыру.*** *Үлкен, маймақ,* *Жазда ұйықтайды,* *Қыста оянады. /аю/* *- Дұрыс балалар, жарайсыңдар! Қарандаршы Аю жалғыз келген жоқ екен, ол өзінің отбасымен келген екен. Ендеше олар қандай ертегіден бізге келіпті?*  *Бізге неше аю келгенін біз санап көрейік.1,2,3* *Барлығы неше аю екен?* *Әке-аю қандай?* *- Ана-аю қандай?* *-Баласы қандай?* *Балалардың жауаптары.* *Балалар ,бізге қонақ келсе, біз не істеуіміз керек?* *Дұрыс.Төрімізге отырғызып,шай ұсынуымыз керек.* *Үстелге неше кесе қою керекпіз?Қанша аю болса, сонша кесе қойдық. Үстел үстінде неше кесе бар?* *-Кеселер қандай?* *Тең болды ма?* ***Тосын сәт.*** ***топқа Маша келеді.*** *-Балалар, бізге тағы біреу келген сияқты. Ол кім екен?Машаны шай ішуге*	 *1)Суретпен жұмыс.* ***Сұрақтар ілмегі:*** *-Аю не істеп жатыр?* *-Аюдың баласын баласын не дейміз* *-Не үшін аю қыста ұйқыға кетеді?*  ***Ой дамыту.*** *Балалар білесіңдер ма,аюлар қысық ұйқы алдында,жақсылап қоректеніп,денесіне май жинап алады. Содан соң ұзақ ұйқыға кетеді!* *2)«Қояндар мен көжектер» суретін көрсетіп, балалармен бірге неліктен қояндардың тонының түсі жазда сұр, қыста ақ болатынын талқылау.* *3) Жұмбақ* *Жауымнан мен қашқанда,* *Ағаштарға самғап бағам.* *Ал қарным ашқанда,* *Отырып ап жаңғақ шағам .* *(Тиін)*	*мүсіндеу.* ***Сергіту сәті.*** *Біз кішкентай баламыз* *Өсіп-өніп толамыз* *Күнге қарай талпынып* *Көкке қолды созамыз* *Қанат қағып ұшамыз* *Орнымызды табамыз* *Балалардың жұмысын бақылау.* *-Балалар жұмыстарын аяқтайды.* ***Галерея шарлау әдісі.*** *Балалардың жұмысын бағалау.* *Мадақтау.* *Біз бүгін не жасадық?* *Қорытындылау.*

	3.Дене шынықтыру ***Тақырыбы.*** *Жерге қойылған себетке дейін секіруді үйретуді жалғастыру* ***Мақсаты.*** *Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге үйрету. Алға жылжып бір бағытта секіруге және жерге қойылған себетке дейін секіруді үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру* ***Оқу қызметінің барысы.*** *1. Бір қатар сапқа тұр.* *2. Сәлемдесу.* *(Нұсқауларды орындау)* ***«Орман аңдары»*** *1. «Аю»* *Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.* *2. «Түлкі»* *Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.* *3. «Көжек»* *Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.* *4. «Қасқыр»* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** *1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.* *Б.қ.: тік тұру, шарды қос қолмен ұстау.* *1. Қолдағы шарды алға созу.* *2. Шарды оң иыққа тигізу.* *3. Қолдағы шарды алға созу.*	***Тақырыбы:*** *«Сәукеле» (акварель бояуымен)* ***Мақсаты:****Қазақтың ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіте отырып, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбері*** *Біз, қандаймыз, қандаймыз* *Шұғылылы таңдаймыз,* *Күлімдеген күндейміз,* *Ренжісуді білмейміз!* *Біз доспыз, бауырмыз,* *Біз бақытты баламыз!* ***Тосын сәт.*** *Айсұлу қуыршақ келеді. Қолында суреттер бар.* ***Суретпен жұмыс.*** *Қазақтың ұлттық киімдері туралы әңгімелеу.* ***дидактикалық ойын.*** *«Сырмақты әшекейле»* ***Қонаққа сыйлық*** *Айсұлу қонағымызға сыйлыққа сәукеле жасап берейік.* ***Ой дамыту.*** *Сәукеле туралы түсінік беру.* *Сәукеленің төбесі конус пішінді болып келеді. Оны асыл тас, алтын, күміс, маржанмен*	*шақырайық.Бізге ертегі әлемінен қанша қонақ келді?Санап көрейік? Барлығы қанша болды? Санап көрейік?* *1,2,3,4* *Балаларды 4 цифрымен таныстыру.* *Міне балалар біздің бүгінгі танысатын санымыз – **4.*** *4 цифры неге ұқсайды?*  *Енді осы орындықты төңкеріп қояйық*  *4 саны орындыққа ұқсайды екен.* ***Сергіту сәті*** *«Аю» әнін қимылмен көрсетеді.* ***Суретпен жұмыс .*** *Әр суреттің жемісін сана және тиісті санды қой!»(Бір бала тақтаның алдында, қалғандары орындарында орындайды).* ***Тақтаға назар аударту.*** ***«Ретімен қойып шық»*** *1 2 3 4 - ретімен санайды* *4 3-2-1 кері санайды қазақша, орысша санау* ***Қорытынды.*** *Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.* *Нелер келді қонаққа?* *Қандай санмен таныстық?* *Балалар сендер өте ақылды,*	 *«Тиін және оның балалары» атты суретті көрсетеу.* ***Сұрақтар ілмегі:*** *- Тиін не жинайды?* *-Тиін жаңғақтар мен шыршаның бүрін қайда алып барады?* *-Тиін мен оның балалары қайда тұрады?* ***Ой дамыту.*** *Тиін ағаштың қуысында тіршілік етеді. Ол жинаған тамағын сол жерге апарады. Қыста тоңбайды әрі ашықпайды.* *4**) **Суретпен жұмыс**. Кірпі*  *Кірпі-үсті басының бәрі тікен ,ол қоңыздарды ,құрттарды, тышқандарды жейді ,ол азығын қысқа дайындап алып ,қыс бойы ұйықтайды.Балалар кірпі де аю сияқты қыс бойы ұйықтайды екен*  *5) Қоян қысқа қалай дайындалады?*	

	4. Шарды сол иыққа тигізу. *5. Б. қ. келу.* *2. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:* *Б.қ.: аяқтар арасы сәл ашық, қол төменде.* *1.Қос қолды жоғары көтеру.* *2. Алға иіліп созылу.* *3.Қос қолды кеуде тұсына әкелу.* *4. Б. қ. келу.* *Б. қ.: отыру, аяқты алға созу.* *1.Шарды қос қолмен жоғары көтеру.* *2.Тізеге тигізу.* *3.Б. қ. келу.* *Шарды қолдарына ұстап тұрады.* *Шарды алға созып, оң және сол иықтарға тигізеді.* *3-4 рет* *Қолдарын жоғары көтеріп, алға созу.* *3-4 рет* *Шарды жоғары көтеріп, тізеге тигізу.* *3-4 рет.* *3. Аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар:* *1. Шарды кеуде тұсында ұстау.* *2. Алға секіру..* *3. Артқа секіру.* *4. Б. қ. келу* *Тыныс алу:* *- аяқ арасы алшақ, шарды қос қолмен жоғары көтеру (ауа жұту);* *- шарды тізеге тигізу (дем шығару).*	*өрнектеп, алтын жіппен әшекелеәді.* *Ең жоғарғы төбесіне үкі қадайды.* ***Топқа бөлу.*** ***1-топ*** *Сәукелені бояумен бояйды.* ***2-топ*** *ермексаздан сәукеле мүсіндейді.* ***Сергіту сәті:*** *Ал, балалар тұрайық,* *Үлкен шеңбер құрайық,* *Шаңырақты көтеріп,* *Керегені құрайық,* *Уықтарша иіліп,* *Киіз үйді құрайық.* *Балалардың жұмысын бағалау* *Жеке көмек.* *Қорытындылау.* ***Галерия шарлау әдісі.*** *Балалар бір-бірінің жұмысын бағлайды.* *Жасаған жұмыстарын Айсұлу қуыршаққа береді..* *Айсұлу қуанып рахмет айтып қоштасады.* *Балаларды мадақтау.* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы. «****Шеңберден шеңберге аттау»* ***Мақсаты.*** *Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге және шеңберден шеңберге аттауға үйрету.* *Жалпы дамыту*	*білімді екенсіңдер ертегі қонақтары тапсырманы жақсы орындағаны үшін сендерге мына жұлдызшаны сыйлыққа береді.* *Балаларды мадақтау.* ***2.Қоршаған ортамен таныстыру*** ***Тақырыбы:****Менің-Қазақстаным.* ***Мақсаты:****Өз елінің тарихына қызығушылықты қалыптастыру* ***Оқу қызметінің барысы.*** ***Ұйымдастыру кезеңі.*** ***Шаттық шеңбері*** *Арайлап таң атты,* *Алтын сәуле таратты.* *Жарқырайды күніміз,* *Жарқырайды даламыз,* *Біз бақытты баламыз.* *Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындау.* ***Ой қозғау.*** *Балалар, сендер қандай ән орындадыңдар?* *Қазақстан Республикасының астанасы қалай аталады?* *Рәміздерді атаңдар. -* *Қазақстан Республикасының Президенті кім?* *Қазақстан картасын білесің бе?* *Сендер қай ауылда тұрасыңдар?* ***Топқа бөлу .***	 *6) **Суретпен жұмыс.** Қасқыр Қасқыр- өзінің азығын жүгіріп жүріп аулайды .Қасқыр құстармен дала жануармен қоректенеді* ***5.Д/О: «Аңдардың қорегін табуға көмектес».*** *Карандашпен сызып көрсету.* ***6. Орманнан оралу.*** ***Қорытынды .*** *Балаларды мадақтау* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы.*** *Алға жылжып бір бағытта секіруге үйрету* ***Мақсаты.*** *Сапта екуден қол ұстасып жүру, бытырай жүгіруге үйрету. Жалпы дамыту жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру* *Амандасу.* *· Маршпен жүру;* *· Жүріс түрлері:* *- Аяқтың ұшымен жүру;* *- Өкшемен жүру;* *- Секіре жүру; -* *Тізерлей жүру;* *- Жүгіру.* *- Тыныс алу жаттығуы.*	

	Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы *1. Жерге қойылған себетке дейін секіруді үйрету.* *2. Доғалар астынан еңбектеп өту.* ***Қимылды ойын:*** *«Кім бірінші» ойыны:* *1.Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды:*** *Балаларды мадақтау.*	*жаттығуларын дұрыс орындауға үйрету, қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру Амандасу .* *· Маршпен жүру; · Жүріс түрлері: - Аяқтың ұшымен жүру; - Өкшемен жүру; - Секіре жүру; - Тізерлей жүру; - Жүгіру. - Тыныс алу жаттығуы. 3 колонаға бөліну.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** *1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру* *2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру* *3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру* *2. 2 қолды алдына апару* *3. 2 қолды жанына апару* *4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу*	***«Елтаңба»*** ***«Ту»*** ***1- Топ Елтаңба*** ***Сұрақ қою.*** *Біздің бақшамыз қалай аталады?* *Елордамыз қай қала?* ***2- топ Ту*** ***Сұрақ қою.*** *Президентіміз кім?* *Астана қандай ғимарат бар?* *2 топты мадақтау.* ***Топтық жұмыс.*** *2-топқа тапсырма* *Суретпен жұмыс* ***АКТ технологиясы.*** *Менің Қазақстаным* *Әр топ әңгімелеп береді.* ***Сергіту сәті.*** *Бейнетаспа* *“Қара жорға»* ***1-Топ Елтаңба*** *Дидактикалық ойын: «Хан шатырды құрастыру»* ***2-Топ Ту*** *Дидактикалық «Байтерек құрастыру»* ***Қорытынды*** *Балаларды мадақтау* *2топ жұлдызша беру.*	*3 колонаға бөліну.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** *(султанчикпен орындалады)* *1.Б.Қ , қолды белге ұстау, аяқ арасын алшақ ашып тұру, басты оң және сол бағытта айналдыру.* *2.Б.Қ қолды желкеде саусақты айқастырып ұстап, аяқ арасын алшақ ашып тұру, кеудені оң жаққа ,сол жаққа бұру.* *3. Б.Қ қолды төмен түсіріп, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, оң аяққа еңкейіп, қолды аяқ ұшына тигізу, б.қ келу, сол жаққа қайталау.* *4. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып, қолды белге қойып тұру. Қолды алға созып отыру, тұру, б.қ келу. 6-8 рет қайталау.* *5. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру. Оң аяқты жанға, қолды жанға ұстау, оң қолды төмен түсіру, сол қолды жоғары көтеру, екі қолды да жанға ұстау, оң аяқты қосып, б.қ келу, сол жаққа қайталау 8 рет.* *6. Б.Қ өкшені қосып, аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, секіріп аяқ арасын ашу, қолды жанға ұстау секіріп аяқ арасын қосу, б.қ келу, 6-8 рет қайталау.* *7. Тыныс алу жаттығулары. Колоннада бір қатармен жүру* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***	

		5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру *6. Терең дем алу* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1. Шеңберден шеңберге аттау* *2. Доғалар астынан еңбектеп өту.* ***Қимылды ойын:*** *«Аққу- қаздар». ойыны:* *1.Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды:*** *Балаларды мадақтау.*		*1.3м арақашықтықтан нысанаға қапшықты қолмен оң және сол иықтан лақтыру. ·* *2.Арқасына қапшық қойып,гимнастикалық орындық үстімен еңбектеу.* ***Қимылды ойын:*** *«Ұшақтар ». ойыны:* *1.Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды:*** *Балаларды мадақтау.*	
Серуенге дайындық 10.00-10.20	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.*				
Серуен: 0.20-12.10	***Картотека № 1*** ***Қырауды бақылау.*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 2*** ***«Қарды бақылау»*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 3*** ***«Суық торғайды бақылау»*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 4*** ***Бұршақты бақылау*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 2*** ***«Қарды бақылау»*** *Картотека қосымшы тіркелген.*
Серуеннен оралу 12.10-12.30	*Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас 12.30-13.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы 13.00-15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-	***№1.Төсекте жатып жасайтынжаттығулар*** *Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп*	***№3.Өзіміздіұқалау.*** *Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды ұқалап жылытамыз, жылы*	***№5.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.*** *Кел балалар тұрайық,*	***№7. Майтабанның алдын алу.*** *Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру,*	***№10.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар*** *Мысықтар* *Мысықтар оң жаққа*

тыру шаралары 15.10-15.40	*басымыздан асырап төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз* ***Картотека қосымшы тіркелген.***	*алақанымызбен бетімізді жуамыз* ***Картотека қосымшы тіркелген.***	*Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап Бір демалып алайық.* ***Картотека қосымшы тіркелген.***	*өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру.* ***Картотека қосымшы тіркелген.***	*өарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап миаулап жатыр көздерін жұмып мяу мяу мяу.* ***Картотека қосымшы тіркелген.***
Бесін ас 15.40-16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.30	***Картотека № 4 «Құстар біздің досымыз»*** *Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру,білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.* ***Картотека қосымшы тіркелген. Әлеумет саласы.***	***Картотека № 1 «Дәл осындай пішінді тап»*** *Ойынның мақсаты : геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.* ***Картотека қосымшы тіркелген. Таным саласы. Математика негіздері.***	***Картотека №6 «Жыл мезгілдері»*** *Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* ***Картотека қосымшы тіркелген. Әлеумет саласы.***	***Картотека №5*** *«Танып ал да, атын ата» Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* ***Картотека қосымшы тіркелген. Таным саласы. Математика негіздері.***	***Картотека №3 «Жыл мезгілдері»*** *Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету* ***(****қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* ***Картотека қосымшы тіркелген. Таным саласы.***
Серуенге дайындық 16.30-16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен 16.50-17.40	***Картотека № 5 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау.*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 6 «Аязды бақылау»*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 2 «Қарды бақылау»*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 7 Қыстап қалатын құстарды бақылау.*** *Картотека қосымшы тіркелген.*	***Картотека № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.*** *Картотека қосымшы тіркелген.*
Балалардың үйге қайтуы 17.40-18.30	*Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу*	*Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

БЕКІТЕМІН:

МКҚК «Аяулым»

Б/б меңгерушісі _____ Е.Әзімова

ЦИКЛОГРАММА
«БАЛАУСА» ЕРЕСЕК ТОП
ҚАҢТАР АЙЫ


2021-2022 оқу жылы


ЦИКЛОГРАММА
I апта (қаңтар 2022ж.)
Ересек «Балауса» тобы
05.01.-06.01.2022ж

Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»
Тақырыпша."Айналамыздағы өсімдіктер"

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі 05.01.2022***	***Бейсенбі 06.01.2022***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25			***Картотека №12*** ***«Не артық?»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.*	***Картотека №17*** ***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** ***Мақсаты:*** *суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу. Сөздік қорын молайту.*	.
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	*Қаңтар айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*				
Таңғы ас 8.30-9.00	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.20	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*				
Мектепке дейінгі ұй-			***1.Математика негіздері*** ***Тақырыбы:*** *5 цифры мен*	***1.Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:***	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері 9.20-10.00	***1. Сөйлеуді дамыту*** ***Тақырыбы:*** *Жәндіктер.* ***Мақсаты:****Жәндіктердің тіршілігі,олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктер беру.Тақпақтар, мақал - мәтел, жұмбақ шешу арқылы балалардың ойлау қабілетін жетілдіру. Балалардың сөздік қорын,есте сақтау қабілетін дамыту. Жәндіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбері.*** *Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Қайырлы таң балалар, Қайырлы таң апай* ***Ой қозғау*** ***Сұрақ жауап*** *Қазір қай жыл мезгілі?Көктемде айналамызда қандай өзгерістер болады? Көктемде жәндіктер оянып, жер бетіне шығады екен. Ал, қандай жәндіктерді білесіңдер?* ***Миға шабул.*** ***Жұмбақ жасыру.1****.Екі*	***1. Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш» ертегісі.* ***Мақсаты:*** *Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөздің ұйқасын табу, суреттеу арқылы сөздік қорларын, қиялдарын дамыту.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер.*** *Арайлап атқан таңымыз, Жайнасын бүгін күніміз! Жайқалсын бүгін гүліміз, Қайырлы таң, балалар!* ***Сұрақ жауап*** *Қазір жылдың қай мезгілі -Көктем айлары қалай аталады? -Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт.*** ***Ата келеді.*** *-Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен ұзақ жол жүріп келдім.Өзіммен бірге сендерге бір қызықты әңгіме ала келдім.*	***1Математика негіздері.*** ***Тақырыбы:****Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын.* ***Мақсаты:****Заттар санын цифрмен сәйкестендіру; кеңістікте бағдарлау; зейіндерін дамыту. Логикалық есепті берілген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету; бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбер.*** *Амансың ба Алтын күн! Амансың ба Көк аспан! Амансың ба достарым! Амансыз ба қонақтар! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем -Көктем мезгілінде неше ай бар? - 3 ай -Наурыз, Сәуір, Мамыр. -Балалар бір аптада неше күн бар? -Жеті күн -Балалар, біз апта туралы қандай тақпақ білеміз? Апта деген ағайдың, Жеті бірдей ұлы бар*	***1.Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Жәндіктер* ***Мақсаты:****Жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз, құмырсқа, инелік) туралы түсініктерін қалыптастыру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1.Шаттық шеңбері*** *Армысың, Алтын күн! Армысың, Жер Ана! Армысың, достарым! Сендерді көрсем қуанам.* ***2. Жұмбақ жасыру.*** *1.Гүл ұшып гүлге қонады, Гүл бақшам гүлге толады. (Көбелек) 2.Қарайып ұшты қарғадай, Бармаған жері қалмады-ай. Жерге түсті, ін қазды, Аяғымен тырмалай. (Қоңыз) 3.Таңертеңнен ыжылдап ж-ж-ж, Гүлден-гүлге қонақтап. Тынбай ұшар, Бал жинар. (Ара) 4.Шырылдаған дауысы Естілер тек жазда: шыр-шыр. Шөп ішінде секіріп, Шыр-шыр еткен жәндікті*	***1. Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***2.Мүсіндеу*** ***Тақырыбы:*** *«Қаңқыз»* ***Мақсаты:*** *Қаңқыз және оның өзіне тән белгілерімен таныстыра отырып, әдемі мүсіндеуге үйрету. Ұсақ қол қимылдарын, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбері:*** *Арайлап таң атты, Алтын сәуле тарапты Қайырлы таң. Қайырлы күн.* ***Балалармен әңгімелесу.*** *Балалар, қазір қай мезгіл? Көктем мезгілінде неше ай бар? Үш айды атаңыз? Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? балалардың жауаптары.* ***Ой дамыту.*** ***Суретпен жұмыс.***

	*басы жұдырықтайОртасы қылдырықтай/**құмырсқа/2**. ЫЗыңдап ән салыпЛас жерге қонады./**шыбын/3**.Тоқыған ауы – шыбынның жауы/**өрмекші /** **4.***Гүлдерге қонады.Шырынын сорадыТүрі – түсі сары – алаБұл не ?/**ара /** **5.***Өзі кілем түрінде,Құдды қырдың гүліндей,Гүлге қонса кетеді,Айырмасы білінбей./**көбелек /** Балалардың жауаптары.* ***АКТ технологиясы.*** ***Слайд.*** *Жәндіктерді тамашалау.* ***Ой қозғау.*** ***Сұрақ жауап.*** *Жәндіктердің аяғы нешеу? Олар ұісті сезе ме? Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді атаңдар. Ең мазасыз жәндікті кім біледі? Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, әлде зиянды жәндік пе?* ***Дидактикалық ойын: «Жұбын тап»*** *Балаларға әртүрлі суреттер бейнеленген карточкалар таратады. Сәйкес суретті тақтадағы жәндіктің жаңына ілуді тапсырады.*	*Балалар ,ата бізге* ***Ы.Алтынсариннің «Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш»*** *деген әңгімесін айтып бермекші екен. Мұқият тыңдайық.* ***Әңгіме бойынша сұрақ жауап.*** *Әңгіме де не туралы айтылған? -Әңгімедегі кейіпкерлер қандай? -Әнгімеде нелер туралы айтылған? -Өрмекші,құмырысқа, қарлығаш не істеп жүр екен? Балалардың жауаптары.* ***Сергіту сәті:*** *Қарлығашқа ұқсайық Қане, қанат қағайық Ұшып – ұшып алайық Орнымызға қонайық.* ***Сахналау.*** ***Қасық театры.*** *Балалар рөлдерге бөлініп,ертегіні қасық театры арқылы сахналайды. Тәрбиеші жүргізушу сөзін өзі айтады. Мадқатау.* ***Қорытынды.*** *Балалар,бүгін кімнің әңгімесін тыңдадық? Әңгіме қалай аталады? Олай болса біз атмызға рахмет айтып, осы*	*Біріншісі Дүйсенбі Екіншісі Сейсенбі Үшіншісі Сәрсенбі Төртіншісі Бейсенбі Жұма деген бесінші ұл Алтыншы ұл ол сенбі Жетіншісі Жексенбі. Өте жақсы! Балалар.* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Тосын сәт*** *Есік қағылып топқа Дымбілмес сиқырлы сандықпен кіреді Сәлеметсің бе, Дымбілмес! Ал мынау қолыңдағы не? Бізге сыйлық әкелдің бе?* ***Дымбілмес****: Жоқ, бұл ма бұл (мұңаяды) Мен тек кәмпит жегенді, ойнағанды ұнатамын. Сабақ оқығым келмейді. Мына сандықтың аузын ашайын десем ашылмайды. Дымбілмес бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық. Бұл сандықтың аузы кілтпен емес, біліммен ашылады. Бұл – білім сандығы. Ал мына сандықтың үстіндегі хатты көрдің бе?* ***Дымбілмес:*** *Ия, маған досымнан хат келді,жауабын шеше алмадым.Сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар көмектесеміз ба?* ***Балалар:*** *Ия. Олай болса, дымбілмеске көмектесейік!* ***1-Тапсырма*** *-Ал енді дымбілмес сен аюдың*	*Білесің бе, балақан? (Шегіртке) 5.Қызыл қанатты, қара дақты, Менің алақанымда жыбырлар жүрер. Бұл не? (Қанқыз) 6.Екі басы жұдырықтай, Ортасы қылдырықтай. (Құмырсқа)* ***3. Суретпен жұмыс.*** ***Жәндіктер.*** *-Суреттен қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар? -Бұларды қайдан кездестіруге болады? -Олардың қандай ұқсастықтары бар? -Ұша алатын (секіретін, жорғалайтын) жәндіктерді ажырату. -Қандай жәндікті еңбекқор деп айтуға болады?* ***Ара*** *гүлдердің шырынынан бал жинайды. Қоңыздар топырақты қазып шіріген заттарды ыдыратып табиғат тазалығын сақтауға үлес қосады.* ***Шегіртке*** *зиянды көк шөптерді, егінді жеп құртып отырады. Шегірткелер топталып жүреді.* ***Көбелек*** *гүлдерді тозаңдандырады, талшығынан жібек мата алынады.* ***Дидактикалық ойын:****«Не артық?» Шарты:жәндіктердің арасынан артық затты тауып айту.* ***Сергіту сәті.***	*Мына жәндіктер қалай аталады? (Көбелек, ара, инелік, өрмекші, құмырсқа, қоңыз) Бұл жәндіктердің пайдасы қандай? Балалар, мына жәндік қалай аталады? (Қанқызы)*  *Қанқызының пайдасы қандай?* ***Сергіту сәті*** *Ермексазды қояйық, Орнымыздан тұрайық. Қолымызды соғайық, Бір отырып, бір тұрып Бір тығылып алайық. Балар қәне өзімізге осындай әдемі қанқызын мүсіндеп алайық. Үлгі көрсету,түсіндіру.*  *Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда, жеке балаға көмек көрсетіледі. Қорытынды. Көрме ұйымдастыру. Балаларды мадақтау.*

	Сергіту сәті: *Көкбелектер ұшады* *Айнала құлпырады* *Гүлдер бүршік жарады* *Бәрі жақсы болады.* ***Дыбыстық жаттығу.*** *құ-құ-құ - құмырсқа* *лік-лік-лік – инелік* *көө-көө-көө – көбелек* *қо-қо-қо-қоңыз* ***Дидактикалық ойын.*** *«Жұмбақ сурет»* *Бір балаға жәндіктің суретін беріп, оны суреттетеді. Қалған балалар оның қай жәндік екенін табады.* *Балалар қызығушылықпен ойнайды.* ***Қорытынды.*** *Бүгін біз нелер жайлы айттық?* *Оларды біз сөзбен қалай атаймыз?* *Білетін жәндіктерді атаңдар?* *Балалардың жауаптары.* *Мадақтау.* ***2Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***3.Дене шынықтыру.*** ***.Тақырыбы.*** *Допты қақпаға домалатуды қайталау* ***Мақсаты.*** *Шеңбер бойымен жәй жүру,*	*әңгімедегі кейіпкерлерді сыйға тартсақ қалай болады.* ***Балаларды 3 топқа бөлу.*** *1-топ. құмырсқаны жапсырады* *2- топ өрмекшіні мүсіндейді,* *3- топ қарлығаштың суретін бояйды.* *Дайын жұмыстарын атаға сыйлайды.* *Атамен қоштасу.* *Балаларды мадаақтау.* ***2. Сурет салу*** ***Тақырыбы:*** *«Қанқызы»* ***Мақсаты:*** *Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру.Өзінің жұмыстарын және басқа балалардың жұмыстарын бағалай алады.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Суретпен жұмыс.*** *Балалар қараңдаршы мынау ағаштың үстімен жорғалап кетіп бара жатқан не?* *-Қандай жәндік?* *(Қанқызы)* ***Ойыншық қанқызбен таныстыру.*** *Ойыншық қанқыздың түсін, пішінін және*	*қалай жүретінін білесің бе? - (Ия, қоянша секіреді)* *-Балалар аю осылай жүре ме?* *-Жоқ. Олай болса аюдың жүрісін салайықшы.* ***Суретпен жұмыс*** *-Балалар осы аюлардың көлемдері қандай?* *(үлкен, орташа, кішкентай)* *-Балалар осы аюларға бал салып жейтін ыдыстарын табуға көмектесейік.* *(балалар тиістісін қояды)* *Өте тамаша! Балалар сендер бұл ұғымды біледі екенсіңдер.* ***2-Тапсырма Дидактикалық ойын: «Ретін тап»***  *Адасып қалған вагондарды ретімен орналастыру. (1ден-5 ке дейін)* *Вагондардың артындағы логикалық сұрақтарға жауап беру.* *Сандарды ауада жаздыру.* *Карточкамен жұмыс.* *Заттар мен сандарды сәйкестендіру.*  ***3-Тапсырма .****Пішіндерден*	*Орнымыздан тұрамыз* *Қолды белге қоямыз* *Бұрыламыз солға бір* *Бұрыламыз оңға бір* *Біз мейірімді баламыз* *Біздер тату боламыз* *Гүл - гүл жайнап жанамыз* *Жаттығулар жасасақ* *Жақсы сергіп қаламыз* ***Дидактикалық ойын: «Ойлан, тап»*** *Ойын шарты бойынша бірнеше жәндіктер арасынан атаған жәндікті тауып, сипаттауы тиіс.* ***Қорытынды*** *Балалар біз не жайында әігімелестік?* *Қандай жәндіктердің пайдасы бар?* *Қандай жәндіктердің зияны бар?* *Қандай жәндіктер еңбекқор?* *Қай жәндік адамға бал береді?* . ***2. Дене шынықтыру.*** ***Тақырыбы.*** *Қатар жатқан қос лентадан секіріп өту. (ара қашықтығ: 10-15см)* ***Мақсаты.*** *Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру Ұзындықтан секіріп өту. Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Салауатты өмір салтына тәрбиедеу* ***Ұйымдастырылған оқу***	

	бағытты өзгертіп жүру, жүгіру. Допты қақпаға домалатуға үйретуді жалғастыру, үлкен моторикасын дамыту, төзімділікке тәрбиелеу ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу.* *Сапқа тұру.* *Шеңбер бойымен денені тік ұстап тізені шапалақтай жүгіру .* *Қол бүйірде, аяқтың ұшымен жүру.өкшемен жүру. тізені бүгіп жүру.* *Сапқа тұру. 4 колонна тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** *1.Аяқты алшақ қою, обруч төменде,обручты алға созу, жоғары көтеру, түсіру. бастап-қы қалып.5-6 рет.* *2.Обручты екі қолмен омырауға ұстау. Оңға, солға бұрылып, қолды созу.* *3.Отыру, обруч екі қолда төмен ұстау. Обручты жоғары көтеру, төмен екі өкшенің арасына түсіру, қайталау.5-6рет.* *4. Аяқпен отыру. Обручты тік ұстау, оңға, солға қисаю.* *5. Шалқадан жату.Обруч бастан жоғары. Аяқты тік ұстап, обручты тізеге тигізу.*	*арқасындағы нүктелерінің қандай түске боялғанын сұрау.* *Балалардың жауаптары.* *Балалар, қанқыз менің қолымнан аспанға ұшқысы келіп тұр, кәне ұшуға көмектесейік.* */ балалармен қимыл көрсете тұрып қанқыздың ұшуына көмектеседі. /* *Қанқыз, қанқыз (Ырғақпен алақандарын тербетед)і .* *Аспанға ұш! (Қолдарының ұштарын жоғары қарай сермейді.)* *Балалар қызығушылықпен жасайды.* *Балалар қәне келіңдер өзімізге қанқызын жасап алайық.* ***Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету,түсіндіру.*** *Жұмыс ретімен таныстыру:* *-Денесін дөңгелек немесе жарты дөңгелек қылып саламыз.* *-Басын дөңгелектеп саламыз.* *-Басынан көз,мұрын,ауыз, мұртшаларының орнын белгілейміз.* *Үстіне саусақпен қара нүктелерін саламыз.* ***Сергіту сәті:*** *Күн болып жанайық,* *Мөлдір су боп ағайық.* *Гүл болып жайнайық.*	*аңдарға үйшік құрастыру.* ***Сергіту сәті:*** *Оң қолымда 5 саусақ,* *Сол қолымда 5 саусақ* *5-ке 5- ті қосқанда* *Болып шықты 10 саусақ* ***4-Тапсырма*** *Математикалық жұмбақтар шешеміз.* *1.Бір алма берді анасы* *«Аз» деп тұр оны баласы* *Екеуін тағы беріп еді* *Нешеу болды ойланшы.* *2.Далада жүр төрт түйе* *Қосылды тағы бір түйе* *Жалпы саны түйенің* *Болды, неше есепте?* *3.Айманда болды 5 алмұрт* *Әселге берді 2 алмұрт* *Айманның қалды қолында* *Неше алмұрт тез ойла* *4.Далада тұр екі ешкі* *Қорада тұр екі ешкі* *Болды барлығы неше ешкі.* ***Дымбілмес:*** *Ой, балалар, бұл тапсырманы жақсы орындадыңдар. Ақылды, білімді екенсіңдер.Мен сендердің көмектеріңнің арқасында көп нәрсені үйрендім.* *-Балалар, қараңдаршы, тапсырманы дұрыс орындағандықтан сиқырлы сандықтың аузы ашылды.*	***қызметінің барысы.*** ***Балалармен амандасу.*** *жүру,жүгіру.* *Шеңберге тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары.*** ***1.*** *Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру* ***2.*** *Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру* ***3.*** *Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру* *2. 2 қолды алдына апару* *3. 2 қолды жанына апару 4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу* ***5.*** *Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру* ***6.*** *Терең дем алу* ***.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *1.Қатар жатқан қос лентадан секіріп өту. (ара қашықтығ: 10-15см)* *2.Допты бір –біріне домалату.* ***.Қимылды ойын:*** ***«Допты қуып жет»*** *Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	

	6. Обруч еденде, айнала секіру, адымдап орнында жүру, секіру. *Тыныс алу жаттығулары: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* *Бастапқы қалыпқа келу.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *1. Допты қақпаға домалату.* *2.Қос аяқтап кедергілерден арасымен секіру.* ***Қимылды ойын**: «Қасқыр мен қояндар»* *Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	*Терең-терең демалып, Жүгіріп –жүгіріп алайық.* *Балалардың өз бетінше жұмыстары.* *Бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Қорытынды:*** *Балалардың жұмыстарын қорытындылау.* *-Ненің суретін салдық?* *-Қанқыз ол не?* *-Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Талдау. Мадақтау.* ***3.Дене шынықтыру.*** ***Тақырыбы.** Ұзындыққа секіру (20см)* ***Мақсаты.** Шеңбер бойымен жәй жүру, бағытты өзгертіп жүру, жүгіру. Ұзындыққа секіру Допты қақпаға домалатуға үйретуді жалғастыру, үлкен моторикасын дамыту, төзімділікке тәрбиелеу* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу.* *Қозғалмалы бой жазу жаттығулары* *- Қолды жоғары ұстап аяқ*	*Ішінен сиқырлы сандар шығады.* *балаларға таратады.* ***Қорытынды.*** *-Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметімізге кім келді?* *-Дымбілмес неге келді?* *-Дымбілмеске қандай тапсырмалар орындап көмектестік.* *Өте жақсы, балалар , біз көптеген тапсырмаларды орындадық. Барлығыңызда жақсы қатысқандарың үшін жұлдызшамен марапаттаймын.* ***2 Қоршаған ортамен таныстыру.*** ***Тақырыбы:** «Табиғаттағы қауіпсіздік»* ***Мақсаты:** Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Табиғат аясында өзін-өзі ұстау мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Қайырлы күн, күнім, далам, орманым,* *Қайырлы күн, гүлім, құсым, көлдерім.* *Қайырлы күн, өсімдіктер, жәндіктер* *Қайырлы күн, бар тіршілік иесі!* ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Миға шабул.*** ***Жұмбақ жасыру.***		

		ұшымен жүру. *- Екі қол белде өкшемен жүру* *- Екі қол белде аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.* *- Бір қалыпты жеңіл жүгіру.* *Сапқа тұру. 4 колонна тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** ***1.«Торғай ұшты»*** *Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанға созу, басты оңнан солға қарай, төмен- жоғары бұру* **5-6р** ***2.«Баспалдақ»*** *Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, 1- 2 қолды белге қоямыз, 3-4 иыққа ,5-6 жоғары созамыз, 7-8 – шапалақтаймыз. Керісінше қайталаймыз. 5-6 рет* ***3. «Арқан созу»*** *Аяқты алшақ, қолымызды кеуде тұсына қоямыз, 1- оң қолымызды жоғары, 2- сол қолды төменге қарай созу. 3-4 қимылды керісінше жасау.* */6 рет қайталау/* ***4. «Гүлдің ашылуы»*** *Аяқтары алшақ қойылған. Қол төменде, аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары созу. (6- рет қайталау.)* ***5. «Тырна»***	*Бір зат бар дүниеде құшағы кең,* *Ұшқан құс,жүйріген оқ бәріне тең.* *Адамзат,жан-жануар соның арқасында* *Мәңгілік өсіп өнген.* *Балалардың жауаптары.(Орман)* ***Ой қозғау.*** ***Сұрақ жауап.*** *-Орман дегеніміз не?* *Сендер орманға барғанда,қандай қауіпсіздік ережелерін білулерің керек?* *Мысалы,сендер оттың лаулап жанып жатқанын көрдіңдер немесе ара шағып алды,бұндай жағдайда не істеу керек?* *-Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек.* *Балалардың жауаптары.* ***Тосын сәт.*** *Хатшы хат әкеледі.* *Хатты оқу.* *-Сәлеметсіз бе, құрметті балалар! Мен - ақ қайыңмын. Мен сендерге жазда жандарыңа сая болатын едім. Кәзіргі кезде менің қалым нашарлап бара жатыр маған адамдар көңіл бөліп қарамайды. Менің бұтақтарым сынып,сусыз құрап бара жатырмын. Мен сендерден сұрайтыным маған көмек беріңдерші. Сәлеммен - Ақ қайың.* *Балалар ақ қайыңға*		

		Аяқтарын біріктіру. Оң аяқты бүгіп, орнында секіру. Сол аяқты /10-15секунд/ ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *1. Допты қақпаға домалату.* *2. Ұзындыққа секіру (20см)* ***Қимылды ойын**: «Тауық қорадағы түлкі»* *Ойын шартымен таныстыру* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	*көмектесемізбе?* *Ол үшін не істейміз?* ***Дидактикалық ойын.*** *«Ақ қайың қайда?»* *Балалар ақ қайыңды сипаттайды.* *Қалай көмектесетіндерін айтады.* ***Қорытынды.*** *Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.* *Тиым сөздер арқылы қорытындылау.* *Гүлді жұлуға болмайды, гүлді аялау керек.* *Ағашты кесуге болмайды, ол бізге таза ауа береді.* *Суды ластауға болмайды, сусыз өмір жоқ.* *Күнімізді бұл баспасын.* *Көбелекті өлтірмеңдер, ол - әдемілік белгісі.* *Құсты атуға болмайды, құс - адамның досы.* *Жасыл шөпті жұлуға болмайды, ол біздің жерімізге көрік береді.* *Аңдарды қорғауымыз керек, олар біздің байлығымыз.* *балаларды мадақтау.*		
Серуенге дайындық 10.00-10.20	***Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Серуен № 7***	***Серуен № 12***	***Серуен № 14***	***Серуен № 14***	***Серуен № 20***

10.20-12.10	*Бақылау. Құстарды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	*Бақылау. Аула сыпырушы еңбегін бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	*Бақылау. Ауладағы сиреньдерді бақылау, ағаштарының және бүршіктерінің өсіп келе жатырғанын, басқа ағаштармен салыстыру. Оның жұпар исін искеу.* ***Картотека қосымша тіркелген***	*Бақылау. Ауладағы сиреньдерді бақылау, ағаштарының және бүршіктерінің өсіп келе жатырғанын, басқа ағаштармен салыстыру. Оның жұпар исін искеу.* ***Картотека қосымша тіркелген***	*Бақылау. Жаңбырды бақылау,* ***Картотека қосымша тіркелген***
Серуеннен оралу 12.10-12.30	*Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау*				
Түскі ас 12.30-13.00	*Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу*				
Ұйқы 13.00-15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.10-15.40	***Жаттығу кешені*** *№12.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу.*	***Жаттығу кешені*** *№18.Белсенді нүктелерге массаж жасау. Тымау ауруларын алдын алу. (Нүктелі массаж)*	***Жаттығу кешені*** *№16.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу.*	***Жаттығу кешені*** *№10.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Мысықтар*	***Жаттығу кешені №15*** *Тыныс алу жаттығуы*
	ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)				
Бесін ас 15.40-16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 16.00-16.30	***Картотека №13*** ***«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»*** *Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.*	***Картотека №14*** ***«Дастархан мәзірі»*** *Мақсаты: балаларды тағамдардың жалпы және жеке атауы, ажыратып атай білуге үйрету. Дастархан мәзірін жасауда қажетті заттарды айтқызу арқылы сөздік қорын байыту.*	***Картотека № 16*** ***«Үй жануарлары*** *Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.*	***Картотека №18*** ***«Қайсысы ұнайды?»*** *Мақсаты: суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.*	***Картотека № 19*** ***«Орнын тап»*** *Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.*


	ҚАТЫНАС САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ (картотека қосымша тіркелген				
Серуенге дайындық 16.30-16.50	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен 16.50-17.40	***Серуен № 14*** *Бақылау. Ауладағы сиреньдерді бақылау,*	***Серуен № 7*** *Бақылау. Құстарды бақылау.*	***Серуен № 15*** *Бақылау. Аспанды бақылау.*	***Серуен № 18*** *Бақылау: Күннің көзін бақылау.*	***Серуен № 16*** *Бақылау. Транспортты бақылау*
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН .				
Балалардың үйге қайтуы 17.40-18.30	*Ата аналарамен балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.*	*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.*	*Ата аналармен балалардың тәртібі туралы жеке әңгімелесу.*	*«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу*	*Ата аналармен балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.*


ЦИКЛОГРАММА
IY апта Сәуір айы 2022ж
Ересек «Балауса» тобы
25.04.-29.04.2022ж

Өтпелі тақырып. «Біз еңбекқор баламыз»
Тақырыпша.«Еңбек бәрін жеңбек»


Күн тәртібі	***Дүйсенбі 25.04.2022***	***Сейсенбі 26.04.2022***	***Сәрсенбі 27.04.2022***	***Бейсенбі 28.04.2022***	***Жұма 29.04.2022***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу-8.00-	*Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Мұрын қуысына Оксалин мазын жағу*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)-8.25	***Картотека №8 «Қандай пішін шықты»*** ***Мақсаты:*** *Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.*	***Картотека №3 «Суреттерді орналастыр»*** ***Ойынның мақсаты:*** *заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.*	***Картотека №7 «Кеңістік»*** ***Мақсаты****: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.*	***Картотека №11 «Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.*	***Картотека №17*** *«Төртінші артық»* *Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет.*
	МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ ОЙЫН КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген				
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	*Сәуір айының 4–аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*				
Таңғы ас 8.30-9.00	*Ойын- жаттығу . «Таза қолдар». Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Жаңылтпаш жаттау: Торта қойдым. Орта қойдым.*				

9.00-9.20	*Жорта қойдым.*				
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.20-10.00	***Сөйлеуді дамыту.*** ***Тақырыбы:*** *«Қол не үшін керек?»* ***Мақсаты:*** *Әңгімені мәнерлеп оқып бере отырып, әлемдегі жақсы істердің бәрі адамдар қолымен жасалатынын ұғындыру. Сұрақ-жауап арқылы балалардың ойын толық айта білуіне баса назар аудару* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер*** *Қуанамын менде* *Қуанасың сенде* *Қуанайық, достарым* *Арайлап атқан күнге.* ***Балалармен әңгімелесу.*** *Қазір жылдың қай мезгілі?Көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап шығайықшы?Олай болса балалар орманға саяхат жасайық. Ол үшін барлығымыз көзімізді жұмамыз. (көздерін жұмады)Ал енді көзімізді ашамыз. (көздерін ашқанда орман суретін көреді)* ***Суретпен жұмыс.*** ***Орман.*** ***Миға шабул.*** *Не көріп тұрсыңдар? Ағаштарды,сарғайып жапырақтардың түсіп жатқандарын , жабайы жануарларды т.б.Ия балалар*	***1. Көркем әдебиет*** ***Тақырыбы:*** *«Құмырсқа туралы ертегі»* ***Мақсаты:*** *Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып балалармен бірге жұмыс жасау. Ертегі кейіпкерлеріне талдау жасау. Құмырсқаның еңбекқорлығын атап өту.* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Балалармен әңгімелесу.*** *Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? -Көктем айларын атаңдаршы балалар?* ***Миға шабул.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Бір палуан өзі күшті, қайраты мол, Өзінен үлкен затты көтерер ол. Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе, Қайқаңдап аса берер бәрінен де ол.(Құмырсқа)* *Балалар,бүгін біз* ***«Адасқан құмырсқа»****ертегісімен танысамыз.Ертегіні*	***1. Математика негіздері*** ***Тақырыбы:****Бір және көп ,көп заттарды салыстыру* ***Мақсаты:****Заттарды санына қарай салыстыру алу қабілетін арттыру ,бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбер.*** *Біз ерекше баламыз* *Айтқан тілді аламыз* *Достарымды көргенде* *Қуана қарсы аламын* *Балалар қазір жылдың қай мезгілі?* *Жарайсыңдар балалар орнымызға жайғасайық. Балалар бүгін бізге таным елінен бір - бірінен айнымайтын түрлері бірдей ағайынды қуыршақтар келіпті.* *Біздің бәріміздің өз атымыз бар, сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.* *- Ең үлкені Айжан* *- Ал одан кішісі Айман* *- Ең кішісі Айгүл*	***1. Жаратылыстану*** ***Тақырыбы:*** *Өсімдіктер* ***Мақсаты:*** *Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өнуіне судың маңызы туралы түсінік беру. Табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***1. Миға шабул.*** ***.Жұмбақ жасыру:*** *" Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, аузы жоқ- тыныс алады, қоректенеді", Бұл не болды?* *Дұрыс таптыңдар, жарайсыңдар* *- Балалар, өсімдіктер қайда өседі?* *- Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?* *-Өсімдік өсу үшін не керек?* ***2.Өсімдіктер қалай өсетінін 4 жыл мезгілі арқылы көрсету.*** ***Акт технологиясы*** 	***1 Орыс тілі*** *Педагог жоспары бойынша* ***2.Жапсыру*** ***Тақырыбы:*** *«Жемсауыт пен ұя»* ***Мақсаты:*** *Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылықты тәрбиелеу.* ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.*** ***Шаттық шеңбер.*** *Ыстық алақанымммен* *Қолыңды бер қысайын* *Амандасып өзіңмен* *Құшақтасып алайын****Балалармен әңгімелесу.*** *Айтыңдаршы балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? Өте жақсы, жарайсыңдар!* ***Миға шабул.***

	біздер бұлардың барлығын көзімізбен көріп тұрмыз, егер көзіміз болмаса біз айналаны көрмес едік.Қолымызбен көзімізді басып көрейікші, ағаштар көрінеді ме? Балалардың жауаптары. Мадақтау. ***Үнтаспадан құстардың дауысын естіледі.*** *Балалар бұл ненің дауысы? Дұрыс.* *Құстардың дыбысын не арқылы естіп тұрмыз?Әрине құлағымыз арқылы дауыстарды естиді екенбіз.Кәне, құлағымызды қолымызбен басып көрейікші.Құстардың дауыстыры естілді ме? Балалардың жауаптары.* ***Сергіту сәті.«Көңілді күн» әуеніБалабақшаға оралу.*** *Ой, балалар қараңдаршы ойыншықтарымыз шашылып қалыпты. Қәне оларды,орындарына жинайық. (балалар жинайды)* *Балалар ненің көмегі арқылы ойыншықтарды жинадық? Әрине қолымыздың көмегі тиді. Сонда қол болмаса еш нәрсе жасай алмайды екенбіз.* ***Суретпен жұмыс.*** *Суретке мұқият қараңыз. Сурет бойынша қолмен орындалып тұрған әрекеттерді айтып беріңдер.*	*мәнерлеп,нақышына келтіріп оқып беру.* ***Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап*** *-Ертегі қалай аталады?* *-Құмырсқаға бал ара мен қоңыз көмек көрсетті ме?* *-Құмырсқа қандай жәндік?* *-Көрдіңдер ме,балалар,құмырсқаның өз илеуіндегі достары бір-біріне көмек көрсетіп,осындай ауыр сәтте қиындықты бірге жеңіп шықты.Ендеше сендер де, балалар,бір-бірлеріңе мейірімді,қайырымды болып өсулерің керек.* ***Сергіту сәті.*** *Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық.* *Бір отырып, бір торып,* *Біз бір дем алайық.* ***Дидактикалық ойын.*** *Кейіпкерлердің эмоциясын көрсет.* *Құмырсқаның дәнді көтере алмағандағы көңіл күйін көрсет.* *- Достарынан көмек сұрағандағы эмоциясын көрсет.* *- Достары көмектеспегендегі эмоциясын көрсет.* *Балалар қызығушылықпен*	*Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап шығайық.* *Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен бойлары бірдей ма?* *Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді, аты кім?* *Рет - ретімен қуыршақтарды көрсетіп, атын атау.* *Жарайсыңдар балалар!* *Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, жолда келе жатып алма* *Қуыршақтарымыз бізге бос келмепті, жолда келе жатып алма теріпті. Міне, қараңдаршы қандай әдемі алмалар.* *- Алмалардың түстері бірдей ма?* *- Түстері қандай?* *- Ал көлемдері бірдей ма?* *- Қандай алма үлкен?* *- Ал қандай алма кіші?* *- Алмалардың қайсысы көп, қайсысы аз?* *Дұрыс айтасыңдар сары алмалар көп екен, ал қызыл алмалар үлкен болғанымен аз екен.* *Тағы тапсырмалары бар екен.* **1- *Тапсырма.*** *Тақтамен жұмыс.* *Балаларға тақтадағы заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) салыстыруды ұсыну. Сызықпен қосу.*	 *1. Көктем мезгілі.балалардың назарын горшокте енді өсіп келе жатқан жуаға, бұрышқа аударады. Өсімдіктердің қалай өсетінін айту, оларға қандай күтім керектігін әңгімелеу, су құю, дән дақылдарды көрсету.* **2. *Жаз мезгілі.*** *Балалардың назарын ағашта өсіп тұрған жемістерге аудару.*  *Сұрақтар қою* *Мынау не?* *Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен оларды жемістер деп атайды?* *Жемістер қай мезгілде піседі, қай мезгілде жинап алады?* *Оларға қандай күтім керек?* *Ағашта өсіп тұрған жемісті үзіп алып жеуге болама?* *Жеміске құрт түспеу үшін бақшашылар не істейді?* *Балаларға жемістерге қандай күтім керектігін, олардың пайдасын, қай мезгілде жинап*	***Жұмбақ жасыру.*** *Тал басында тамаша үй (ұя) Жарайсыңдар балалар,осы ұяда нелер мекендейді? Құстарға ұя не үшін қажет?* ***Ой дамыту.*** *Көктем мезгілінде ұшып келетін құстарды еске түсіріп атап алайық. Қандай құстар ұшып келеді?* *Балалар құстарға арнап ұя мен жемсауыт жасайық.* ***Сергіту сәті:*** *Орнымыздан тұрамыз,* *Қолды белге қоямыз.* *Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір. Жаттығу жасасақ, Жақсы сергіп аламыз.* ***Топқа бөлу.*** *Ұя, жемсауыт суреттерімен топқа бөлу.* *1-топ ұя тобы* *Түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады.* *2-топ тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.*  *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.*

	 *Е.Пермяктың «Қолдар не үшін керек?» әңгімесімен оқып беру.Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қою.* *Балалар, әңгіме не туралы айтылған екен?* *Атасы немересіне қандай сұрақ қойды? Немересі қалай жауап береді?* *(Балалар өз ойларын айтады)* ***Қорытынды.*** *Балалар бүгін біз не туралы әңгімелестік?* *Қандай әңгіме тыңдадыңдар?* *Қандай суреттерді көрдіңдер?* *Балаларды мадақтау.* ***2.Музыка*** *Педагог жоспары бойынша* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы.*** *Қатар жатқан қос лентадан секіріп өтуді қайталау. (ара қашықтығ: 10-15см)* ***Мақсаты.*** *Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру Ұзындықтан секіріп*	*көрсетеді.* ***Қорытынды.*** *Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.* *Балаларды мадақтау.* ***2 Сурет салу.*** ***Тақырыбы:*** *«Құстың ұясы»* ***Мақсаты:*** *Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып салу* ***Оқу қызметінің барысы:*** ***Шаттық шеңбер.*** *Бақшамызға барғанда,* *Жолыққан бар жандарға* *Ертемен, ақ пейілмен,* *«Қайырлы таң!» деймін мен.* ***Балалармен әңгімелесу.*** *Қандай құстарды білесіңдер?* *Құстардың ұясы қандай болады, олар ұяларын қайда салады?* *Балалардың жауаптары.* ***Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі.*** *Балалар бұл нелердің дыбысы?* ***Құс туралы бейне тасп а көрсету.*** *(шағын ғана мәлімет беру)* *Ендеше балалар бүгін*	  *2- **тапсырма*** *Суретпен жұмыс.* *- Суретте ен көп бейнеленген қандай зат?* *- Бір-бірден салынған заттың аты қандай?* *- Бір-бірден салынған заттарды бояп шығыңдар.* ***Сергіту сәті:*** *Алма, алма, көп алма* *Қызыл жасыл, сары алма.* *Теріп, теріп алайық,* *Қалтамызға салайық.* ***3-тапсырма.*** *Салыстыру.* *Үстел үстінде түрған екі қорапшадағытекшелерді салыстыру (біреуінде текшелер көп болады, біреу бос болады).*  *Балаларды мадақтау.*	*алатынын, қайда сақтайтынын, т. б. әңгімелесу.* ***3.Күз мезгілі*** *Балалардың назарын егістікте өсіп жатқан көкөністерге аудару. Оларды қалай еккенін, қалай күтім бергенін балалардың өз білгенінше әңгімелеп беруі.*  ***Әуенді сергіту сәті*** ***4.Дидактикалық ойын: «Не қайда өседі»***    *өсімдіктерді топтастыру.* *Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.* ***5. Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау* ***3.Дене шынықтыру*** ***Тақырыбы.*** *Бірқалыпты жеңіл секіру*	***Қорытынды.*** *Сұрақтар қою.* *- Біз бүгін не жасадық?* *- Оны неге арнап жасадық.* *Балалардың жұмысын қорынтындылау.* *Көрме ұйымдастыру.* *Балалар бір-бірінің жұмысын бағалайды.*

	өту. Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Салауатты өмір салтына тәрбиедеу ***Оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу* *Шеңбермен жүру,жүгіру.* *4 қатар сапқа тұру.* ***Жалпы даму жаттығулары:*** *Б.қ.: «Тик-так»* *1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)* *Б. Қ.: «Иықтың жүруі»* *2. Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/* *Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі»* *3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/* *Б.қ.: «Күнге жетемін»* *4. Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1. Қатар жатқан қос лентадан секіріп өтуді* *2.Кегльдердің арасымен жүру.* ***Қимылды ойын:****«Ұшақтар»* *Ойын шартын түсіндіру.* *Шеңбер бойына тұру.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	*құстар туралы әңгімелесеміз.* ***Ой қозғау.*** *Құстардың неше түрі бар?* *Үй құстарына нелер жатады?* *Дала құстарына ше?* *Қандай қыстайтын құстарды білесіңдер?* *Жылы жаққа құстар не ге ұшып кетеді?* *Балаларды мадақтау.* *Балалар құстарға ұя жасап берейік.* *Қамқор болайық.* ***Сергіту сәті.*** *Құстай қанат қағамыз,* *Қарлығаш боп ұшамыз.* *Бір отырып,бір тұрып,* *Орнымызды табамыз.* ***Балаларға үлгі көрсету,түсіндіру.*** *Суретпен танысып, сурет салуға кіріседі.* *Балалардың жұмысын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Қорытынды.*** *Балалар сендер ненің бейнесін салдыңдар?* *Құстардың табиғатқа қандай пайдасы бар?* *Көрме ұйымдастыру* *Балаларды мадақтау.*	***4-тапсырма****«Жол сал» ойыны* *Дәптерге орындау үшін мынадай тапсырма беремін: олар үлкен шәйнектен үлкен кесеге дейін, ал кішкентай шәйнектен кішкентай кесеге дейін сызықпен қосады.* *Балалар үлкен шәйнек пен үлкен кесені, ал кішкентай шәйнек пен кішкентай кесені сызық арқылы қосады.* ***Қорытынды.*** *Қуыршақтар балаларға рахмет айтып қоштасады.* *-Балалар қонаққа кімдер келді?* *-Қандай тапсырмалар орындадыңдар?* *Балаларды мадақтау.* ***2.Құрастыру.*** ***Тақырыбы:****Бақа.****Мақсаты:****Берілген тақырып бойынша қағаздан (бақаны) құрастыруға үйрету. Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білу дағдыларын жетілдіру.****Оқу қызметінің барысы:*** ***Қызығушылықтарын ояту.*** ***Миға шабул.*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Сулы жерді мекендеп,* *Құрлықта да секеңдеп,* *Шыбын-шіркей аңдиды,* *Жемге қашан жетем деп.* ***(Бақа)***	***Мақсаты.*** *Бірқалыпты жеңіл секіруді үйрету.Белгіге жауап беру білігін дамыту. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді, белгілі бағыт бойынша жүгіру дағдысын жетілдіру* ***Оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу* *Шеңбермен жүру,жүгіру.* ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *(таяқшалар)* *«Біз күштіміз!»* *Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.* *1.Екі қолды алға созып* *2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.* *3.Бір қатарға келу.* *«Біз барлаушымыз!»* *Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.* *1.Қос қолды жоғары көтеру.* *2.Денені бұрып – оңға иілу* *3.Денені бұрып – солға иілу.* *4.Б.қ. келу* *«Біз штангашымыз!»* *Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде.* *1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау* *2. Таяқшаны жоғары көтеру.* *3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.* *4.Б.қ. келу.* *«Бізептіміз!»* *Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.*	

		3.Дене шынықтыру ***Тақырыбы.*** *Залдың бір шетінен екінші шетіне жүгіру* ***Мақсаты.*** *Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру Ұзындықтан секіріп өту. Залдың бір шетінен екінші шетіне жүгіру Қол-аяқ қимыл үйлесімділігін арттыру. Салауатты өмір салтына тәрбиедеу* ***Оқу қызметінің барысы.*** *Балалармен амандасу Шеңбермен жүру,жүгіру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар:*** *1. Тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2 есебінде басты оңға қарай,* *3 - 4 есебінде солға бұру керек. (4 рет қайталау)* ***2.*** *Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /4 рет қайталау/*	***Суретпен жұмыс.*** *Бақа туралы түсінік беру.* ***Бақа туралы өлең оқу*** *Бақа, бақа, балпақ,* *Басың неге жалпақ?* *Темір телпек көп киіп,* *Басым содан жалпақ.* *Бақа, бақа, балпақ,* *Көзің неге тостақ?* *Қырдан алыс көп қарап,* *Көзім содан тостақ.Бақа, бақа, балпақ,* *Бұтың неге талтақ?* *Көп отырдым ерініп,* *Бұтым содан талтақ.* ***Тосын сәт.*** ***Білмеспек келеді.*** *Балалардан бақа туралы білгісі келетінін айтады. Балалардың жауаптарын Балалар Білмеспекке бақаны құрастырып берейік.* ***Саусақ жаттығуы.*** *Тық-тық, тық-тық,Тұр орыннан бас бармақ,Балаң үйрек сен де тұр,Ортан терек, сен де тұр,Шылдыр шүмек сен де тұр,Титтей бөбек қане тұр,Саусақтарым, ал жүгір.* ***2 топқа бөлу.*** *1-топ. Үшбұрыш пішіндерден бақаны құрастырады.*  *2-топ.Дөңгелек пішінен бақаны құрастырады.*	*1.Қос қол белде.* *2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру* *3.Б.қ. келу* *Тыныс алу:* *1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.* *2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру* *2.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.* ***Қимылды ойын:*** *«»Кгн мен жаңбыр ойыны: Ойын шартымен таныстыру.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.* .	

		3. *Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу.* ***4****.Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, 1- оңға бұрылу, 2- б.қ.* *3- солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «қақпа ашылды» деп айту .* ***5.*** *Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру. /15-20 секунд/* *Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1.Кегльдердің арасымен жүру.* *2. Ұзындықтан секіру* ***Қимылды ойын:****«Ақ терек, көк терек»* *Ойын шартын түсіндіру.* *Шеңбер бойына тұру.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау*	 *Балалардың жұмыстарын бақылау.* *Жеке көмек көрсету.* ***Қорытынды.*** *Балалардың жұмысын қорытынылдау.* *Екі топ бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.* ***Көрме ұйымдастыру.*** *Білмеспек балаларға бақа туралы түсінік алғаны туралы рахмет айтып қоштасады.*		
Серуенге дайындық 10.00-10.20	***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен: 10.20-12.10	***Серуен № 11*** *Бақылау. Құстарды бақылау.* ***Картотека қосымша***	***Серуен № 15*** *Бақылау. Аспанды бақылау.* ***Картотека қосымша тіркелген***	***Серуен № 18*** *Бақылау: Күннің көзін бақылау.* ***Картотека қосымша***	***Серуен № 16*** *Бақылау. Транспортты бақылау*	***Серуен № 20*** *Бақылау. Жаңбырды бақылау.* ***Картотека қосымша***

	тіркелген		***тіркелген***	***Картотека қосымша тіркелген***	***тіркелген***
Серуеннен оралу 12.10-12.30	*Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау*				
Түскі ас 12.30-13.00	*Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.*				
Ұйқы 13.00-15.10	*Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық* ***Жаттығу кешені*** *№26.Асығыңдар жаттығуға. сақтау. Жәй музыка қою.*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары 15.10-15.40	***Жаттығу кешені*** *№ 14* *Балапандар.* *Ояту* *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***Жаттығу кешені*** *№ 13* *Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.* *Ояту*	***Жаттығу кешені*** *№6.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар* *Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып* *иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз*	***Жаттығу кешені*** *№4.Майтабанның алдын алу. Арнай жолдармен жүру, дымқыл жолмен жүру.*	***Жаттығу кешені*** *№19.Велосипед тебу.*
	ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)				
Бесін ас 15.40-16.00	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.Нан қиқымын шашпаңдар* *Жерде жатса баспаңдар* *Теріп алып қастерлеп* *Торғайларға тастаңдар*				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	***Картотеа № 15*** ***«Балабақша»*** *Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.*	***Картотека №9*** ***«Қай жануар артық»*** *Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту*	***Картотека №10*** ***Танып ал да, атын ата*** *Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.*	***Картотека №4*** ***«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»*** *Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.*	***Картотека № 16*** ***«Үй жануарлары*** *Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға*

16.00-16.30					*тәрбиелеу.*
	ҚАТЫНАС САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)				
Серуенге дайындық 16.30-16.50	*Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау*				
Серуен 16.50-17.40	***Серуен № 11*** *Бақылау. Құстарды бақылау*	***Серуен № 7*** *Бақылау. Құстарды бақылау.*	***Серуен № 9*** *Бақылау. Күннің көзін бақылау.*	***Серуен № 4*** *Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау*	***Серуен № 8*** *Бақылау. Көгершіндер мен торғайларды бақылау .*
	СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН .				
Балалардың үйге қайтуы 17.40-18.30	*Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.*	*Ата-аналармен әңгімелесу. «Мен және менің достарым» атты фото сурет көрмесін орындау.*	*Ата-аналарға әңгімелесу. Балаларға берілген өлең жолдарын жаттатуға көмектесуін айту.*	*Ата-аналармен әңімелесу.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*	*Ата – аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.*

БЕКІТЕМІН:

МКҚК «Аяулым»

Б/б меңгеруші: С. Әлімова

ЦИКЛОГРАММА
«БАЛАУСА» ЕРЕСЕК ТОП
МАМЫР АЙЫ

2021-2022 оқу жылы

ЦИКЛОГРАММА
I апта. Мамыр айы 2022ж.
Ересек «Балауса» тобы
03.05-06.05.2022ж

***Өтпелі тақырып:*«Әрқашан күн сөнбесін!»**
***Тақырыпша*«Достық-біздің тірегіміз» (Халықтар достығы)**

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі 03.05.2022***	***Сәрсенбі 04.05.2022***	***Бейсенбі 05.05.2022***	***Жұма 06.05.2022***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-	*Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* ***Ата-аналармен жұмыс:*** *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.*				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.) -8.25		***Картотека №10*** *Танып ал да, атын ата* *Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту*	***Картотека №11*** *«Кімге не керек»* *Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету*	***Картотека № 12*** *«Телефон»* *Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты* *Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.*	***Картотека №13*** *«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»* *Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын* *тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.*
	ҚАТЫНАС БІЛІМ САЛАСЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тіркелген)				
Таңертеңгі гимнастика 8.25-8.30	*Мамыр айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* *Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын дамыту. Баланы салауатты өмір салтына тәрбиелеу***.**				
Таңғы ас 8.30 -9.00	*Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау* *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.*				

Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.20	*ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* ***Дидактикалық ойын. «Жұп суреттер»*** ***Шарты.*** *Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету; балалардың сөйлеу қабілетін арттырып, ұқсас, әр түрлі, бірдей сөздерін үйрету.*				
